



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



# ТҮРКІ ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

<http://turkalemi.kz/>

№ 1-2 (қаңтар-ақпан, 246, 247) 2022 жыл

## СЕНІҢ ҚАЙҒЫҢ – МЕНІҢ ҚАЙҒЫМ, ТҮРКИЕМ!



Биылғы ақпан айындағы жағдай – адамзат тарихындағы ең қасіретті оқиғалардың біріне айналды. Түркияның оңтүстік-шығысында және Сирияда қазіргі мәліметтер бойынша 50 мыңнан астам адамның өмірін қиған, жойқын жер сілкінісі туралы қайғылы хабар күллі әлемді дүр сілкіндірді. Құрбандар саны 100 мыңнан асты, жүздеген мың адам баспанасынан айырылды. Тарихи және мәдени ескерткіштерге, инфрақұрылым мен тіршілікті қамтамасыз ету нысандарына үлкен зиян келтірілді.

Түрік құтқарушылары мен дәрігерлеріне 70 елден олардың әріптестері көмекке келді, оның ішінде отандастарымыз да бар. Әлемнің түкпір-түкпірінен түрік еліне гуманитарлық және қаржылық көмек

көрсетілуде. Сонымен бірге біздің Алматы қаласындағы түркі халықтары мәдени қоры да алғашқылардың бірі болып үлес қосты. Біздің жинаған қаражатымыз AFADтың (Төтенше жағдайларды жою басқармасы) арнайы шотына аударылды.

Жақында біздің қордың әйелдер комитеті Түркияның Алматы қаласындағы Бас консулдың резиденциясында консул жұбайы Хюлья Ақынды ханымның қабылдауында болды. Біздің кездесудің мақсаты, Түркиядағы зілзаладан қайтыс болған қандастарымыздың туысқандарына қайғырып көңіл айту және жарақаттанған бауырларымызға аман-есен отбасыларына оралуына тілектестігімізді білдіру болды. Қазақтың дәстүрі бойынша Хюлья ханымның иығына ақ жаулық жауып, түрік халқына жарқын болашақ тілейтінімізді жеткіздік.

(Жалғасы 5-бетте)



Sevgili kardeşlerimiz, biz hep sizinleyiz



Kazak şair Kuat ADIS'in Türkiye'de meydana gelen depremde hayatlarını kaybeden Türk kardeşlerine ithaf ettiği ağıt şiiri «İçimdeki Bayrağı Yarıya İndirdim»...

### Көңіл туын мен де төмен түсіргім

Әлімсақтан қаны бірге қауым, рас,  
Туыс едік түбіміз бір бауырлас.  
Сенің қайғың – менің қайғым болған соң,  
Бауыр сыздап, жүрек қалай ауырмас?!

Туыстық бар меніменен тегінде,  
Тілекші едім тұрмасам да еліңде.  
Қабырғасы қақырағанда үйлердің,  
Қабырғамды қоса сөкті менің де.

Сенде әлемнің дәл қазірде назары,  
Көңілімнің тарқағандай базары.  
Көңіл айтып қандасына қазағы,  
Күй ойнайды көкірегімде азалы.

Қайырын қыл деп басқа түскен ісіңнің,  
Менен өзге жылайды сен үшін кім?!  
Түркі әлемі аза тұтып тұрғанда,  
Көңіл туын мен де бір сәт түсірдім.

**TEM TOUR**  
TRAVEL AGENCY

**IATA**  
ACCREDITED AGENT

Әлемнің кез келген бұрышына  
ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- > Тіркелу және виза жасау
- > Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- > Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana TURKISH AIRLINES  
Lufthansa BRITISH AIRWAYS KLM

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111  
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864, Ұялы тел.: +7 701 555 08 36  
Абылай хан к., 71  
Тел.: +7(727) 2793775, Ұялы тел.: +7 701 766 75 01  
effckel@temtour.net

Астана қ., Республика даңғылы 5  
Тел.: +7 (7172) 439558 439559 439306  
Ұялы тел.: +7 701 203 1660  
astana@temtour.net

**Radixact**  
BY TOMOTHERAPY

**ORHUN MEDICAL**

- Точность воздействия
- Искусственный интеллект
- Эффективное лечение
- Безболезненное лечение

Джем Парлак  
Заведующий отделения  
Томотерапии

Абая, 91 3-й корпус  
0500000, г. Алматы

Пн-Пт:  
09:00 - 18:00

+7 777 039 10 75

## SELAMÜNĀLEYKŪM DEĞERLİ KARDEŞLERİMİZ!

*Bizim Türkler ile kanımız bir kardeş halk olduğu tarihten beri belidir. Medeniyet ve kültürel ilişkilerimiz çok derindir ve sağlam temeleler üzerinde kuruludur. Bundan dolayı tüm dünyadaki Uygur halkı, şahsen Kazakistan Uygurları Türkiye’de yaşanan büyük deprem sonucu, yaşamını yitiren pek çok insanlardan dolayı derin üzüntü hissediyoruz. Böyle zor durumda, yakınları kayıp eden ailelere ve tüm Türk kardeşlerimizin üzüntülerine ortağız ve taziyelerimizi iletiyoruz. Şimdi Kazakistan Uygur edebiyatının izcileri olan “Varis” Edebi-İcadîyet Birleşmesi, yaşan doğa afet acısını derinden hissederek, duygularını şiirler ile ifade etmiştir. Alta genç kalemlerimiz Vilayam Molotov ve Sabirem Enverova tarafından yazılan iki şiiri sizlere taktim etmekteyiz.*

### BAĞRIN VAR

Türkiye'deki sarsıcı depremde kurban olanlara mersiye

Yer cihanı zelzeleye uğratan,  
Yayıldı gitti şom afetin sedası.  
Yüregimde nasıl tutmayım matem ben,  
Kulağımda çınlasa kardeş feryadı.

Azap çeken kardeşlerin ahları,  
Kurtuluş dileyip gökyüzüne ulaştı mı?  
Huzurla yatan atalar ruhu,  
Mezarlarından ayağa kalktı mı?

Bastığın toprak sallanıp, silkilenip,  
Yıkıldığında binlerce bina, imaret.  
Ben de yıkıldım, tenim ürperip,  
Kalbim bihoş, içim kızıl kıyamet.

Sanki yardım arayıp uzattım elimi,  
Harabeler altında kâh yatarcasına.  
Ayrılığın derdi yüklenip sırtıma,  
Gam taşları yanlarıma batarcasına.

Onsuz da iki gözüm idi yaş,  
Sen kaygılı, ben de yine yas var.  
Sabır edesin, dik durasın kardeş,  
Olup dert ortağı-medet veren bağrın var!

Vilyam MOLOTOV,  
7 Şubat 2023, Almatı.  
Tercüme: Sultan Karakaya

### SARSILDI TÜRKİYE – SARSILDI DÜNYA

Sarsıldı Türkiye –  
Sarsıldı dünya.  
İnanasın gelmez hiç,  
Düş gibi sanki...  
Habersiz uykuya dalan kullar,  
Sonsuzluğa uyudu, yıkılıp bina...

Yıkıldı binalar,  
Yıkıldı arzular.  
Bu dünya aldatıcı,  
Bu dünya yalan!  
Yastığa başını koyan kullar,  
Tabuta girip, gömüldü, bakın?!

Gömüldü genç-yaşlı,  
Gömüldü umut...  
Kaldı yer, kaldı para,  
Kaldı mal mülk.  
Gece yorganını örtse kul,  
Yarını kefenini giyindi "ölü"

Giyindi bir gece,  
Giyindi beyaz kumaş...  
Ağlattı herkesi,  
Bu külfet, bu dert.  
Kim bilsin ecel gelir ne zaman?  
Uykudan uyanmak ne kadar büyük baht!

Sabirem ENVEROVA,  
12 Şubat 2023, Almatı.  
Tercüme: Sultan Karakaya

## ҚАЗҰ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ QS РЕЙТИНГІНДЕ 150-ОРЫНДА

Ақпан айының басында Алматы қаласына Ресейден шыққан делегация жұмыс сапарымен арнайы ат басын бұрды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Ресейдің Уралск федералды университетінің (УрФУ) халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Сергей Тушин бастаған делегация іссапармен қонақ болды. Көршілес мемлекеттен келген профессорлар ҚазҰУ қалашығын аралап, оқу ордасының символына айналған Әл-Фараби мұражайымен танысты. Сапар барысында делегация құрамы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – операциялық қызмет жөніндегі проректор Әсел Уәлиевамен жүздесіп, өзекті мәселелер талқыға түсті. Өз сөзінде проректор өткен жылы зерттеу мәртебесі берілген университеттің жетістіктеріне тоқталды.

Баяндама барысында халықаралық QS рейтингінде еліміздің еңселі оқу ордаларының брегейі саналған ҚазҰУ 150-орында екені айтылды. Мұндай жетістік студенттер мен оқытушы-ғалымдардың еңбегінің еленгені, жемісті жеңісі. Проректордың сөзіне сенсек, алдағы уақытта оқытушылар құрамы осы ұстанымнан таймай, аталған рейтингте ғалымдардың сүбелі үлесінің арқасында жоғары нәтиже көрсетуге бек сенімді. Сондай-ақ, Әсел Бекболатқызы бұл мәртебе халықаралық ынтымақтастықта кең мүмкіндіктерге жол ашатынын да ерекше атап өтті

Бүгінде ҚазҰУ ресейлік жоғары оқу орындарымен ғылыми-білім беру кеңістігінде әртүрлі салаларда мол тәжірибе алмасып, Ресей Федерациясының 140 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық туралы 195 келісімге қол қойған.

Ынтымақтастықтың ең жарқын мысалы – желілік университеттер болып табылады. Осы жоба аясында университет Ресейдің бірқатар университеттерімен бірлесіп қос дипломды білім берудің магистрлік бағдарламаларын жүзеге асырып келеді. Оқу орнындағы студенттер үшін қазіргі таңда ҚазҰУ ТЕМПУС / Эразмус+ жобалары қолжетімді. Студенттер мен ғалымдардың академиялық алмасуы жүзеге асырылуда.

2022 жылдың 12 қыркүйегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен МИФИ ҰЯЗУ филиалының ашылуына арналған салтанатты рәсім өтті. Жиын барысында университет басшылығының атынан ЖОО-мен ынтымақтастық бағыттарын кеңейтуге және қарым-қатынасты нығайтуға дайын екені айтылып, қарқынды жұмыстардың одан әрі жалғасатыны тілге тиек етілді.

Делегация жетекшісі Сергей Тушин ҚазҰУ басшылығына жылы қабылдағаны үшін өз алғысын білдіріп, Уралск федералды университеті туралы кеңінен баяндап берді. Аталған жоғарғы оқу орны өз кезегінде үздік білім беру тәжірибесін қолданады және жаңа халықаралық бағытқа арналған бағдарламалар дайындайтындығын ерекше атап өтті.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері: Тоқтағұл Нұрайлым,  
Байзақ Арайлым

## АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО» кафедрасы жыл сайын Халықаралық ұйым ЮНЕСКО-ның 13 қазан апаттар қауіпін азайту бойынша күніне арналған және 19 қазан Құтқарушылар күніне орай дөңгелек үстел, конференциялар, семинарлар, төтенше жағдайлар (ТЖ) өкілдерімен кездесулер түрінде іс-шаралар ұйымдастырады. Кезекті дөңгелек үстел «Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі» тақырыбына арналып, «Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту Ұлттық орталығы» АҚ вице-президенті Еңсебаев Бейбіт Көбейсінұлының қатысуымен өтті. Аталған тақырып бойынша мазмұнды баяндама жасалды. Содан кейін дөңгелек үстелде студенттер «Төтенше жағдайлар кезіндегі азаматтық қорғау» пәнінің оқытушыларымен бірге техногендік, табиғи, әлеуметтік сипаттағы әртүрлі қауіптерді, ТЖ тәуекелдерін азайту бойынша Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің міндеттері мен тактикасын және ТЖ туындағанда құтқарушылардың ролін Қазақстан Республикасының 11.04.2014 ж. «Азаматтық қорғау туралы» Заңы негізінде талқылады.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі (АҚМЖ) – Қазақстан Республикасының халқын, объектілері мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстар салдарынан туындайтын қауіптерден қорғау жөніндегі жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған, азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының жиынтығы;

Студенттер табиғи сипаттағы (жер сілкінісі, сел, су тасқыны, қар көшкіні және т.б.), техногенді сипаттағы (өрт, апаттар мен жарылыстар, химиялық заттардың төгілуі және т.б.) және әлеуметтік сипаттағы (терроризм, соғыс, ерекше қауіпті қоздырғыштардың таралуы және т.б.) төтенше жағдайларға мысалдар келтірді.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесіне басшылықты:

- 1) республикалық деңгейде – Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) аумақтық деңгейде – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері;
- 3) объектілік деңгейде – ұйымдардың басшылары;

4) салалық кіші жүйелерде – орталық атқарушы органдардың басшылары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасындағы азаматтық қорғау дегеніміз не? Төтенше жағдай туындаған жағдайда, Азаматтық қорғаныс, бейбіт және соғыс уақытында Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын зақымданушы факторлар әсерінен қорғау жөніндегі жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Азаматтық қорғау күштеріне не жатады?

Азаматтық қорғау күштеріне азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері, авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары, мемлекеттік және мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет бөлімшелері, азаматтық қорғау құралымдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның авиациясы, жағдайды байқау, бақылау және болжау қызметтері жатады.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің деңгейлеріне не кіреді?

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің үш деңгейі бар: республикалық, аумақтық және объектілік.

Азаматтық қорғаудың негізгі міндеттері:

- 1) төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою;
- 2) төтенше жағдайлар туындаған кезде бейбіт уақытта және соғыс уақытында авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу арқылы адамдарды құтқару және эвакуациялау;
- 3) азаматтық қорғау күштерін құру, оларды даярлау және ұдайы әзірлікте ұстап тұру;
- 4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың мамандарын даярлау және халықты оқыту;
- 5) қорғаныш құрылыстарының қажетті қорын, жеке қорғану құралдарының қорларын және азаматтық қорғаныстың басқа да мүлкін жинақтау және әзірлікте ұстап тұру;
- 6) төтенше жағдай туындау қатері туралы болжам болған кезде күні бұрын және (немесе) төтенше жағдай туындаған кезде жедел

халыққа, азаматтық қорғаудың басқару органдарына хабар беру және құлақтандыру;

7) азық-түлікті, су көздерін (шаруашылық-ауыз су мақсаттары үшін су жинау орындарын), тағамдық шикізатты, жемді, жануарлар мен өсімдіктерді радиоактивтік, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) зарарланудан, эпизоотиядан және эпифитотиядан қорғау;

8) өнеркәсіптік қауіпсіздік пен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

9) құлақтандыру және байланыс жүйелерін құру, дамыту және ұдайы әзірлікте ұстап тұру;

10) қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың қауіпті факторларының әсер етуін азайту немесе оларды жою жөніндегі іс-шараларға мониторинг жүргізу, оны әзірлеу және іске асыру;

11) мемлекеттік резервті қалыптастыруды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

Авариялық-құтқару қызметі – бірыңғай жүйеге функционалдық біріктірілген, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі міндеттерді шешуге арналған, азаматтық қорғаудың ұйымдық-біріктірілген басқару органдарының, авариялық-құтқару құралымдары мен құралдарының жиынтығы;

Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтық қорғау саласында шұғыл медициналық және психологиялық көмек, өртке қарсы-құтқару, жедел-құтқару, суда-құтқару, авиациялық-құтқару қызметтерін және өзге де мамандандырылған қызметтер мен құралымдарды құрады.

Осылайша, өткізілген дөңгелек үстел және мамандармен кездесу негізінде университет студенттері азаматтық қорғаудың негізгі міндеттері орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың арасындағы тұрақты өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қамтамасыз ету болып табылатыны туралы; төтенше жағдайлар және олардың салдары; төтенше жағдайларда халықтың өмірін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізу бойынша материалдарды игерді.

Бергенева Н.С., Исанбекова А.Т., Жұманова Г.С., Қалдыбаева С.Т.  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# «АРТЫҚ ҒЫЛЫМ – КІТАПТА»



**Кітап - өмір ұстазы. Сондықтан жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес.**

**Серке Қожамқұлов**

Кітап оқу адамның ақылы мен ой-өрісін дамытып, білімін арттырып, рухани кемелденуіне ықпал етеді. Қарауылда жатып, кітап оқу арқылы әлемге танымал болған Абай хәкім өлең жолдарында:

Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым – кітапта,  
Ерінбей оқып көруге, – деп насихат еткен.

Кітап оқудың артықшылығы жайлы ғалымдардан жеткен сөздер өте көп. Мысалы, Имам Бұхариден: «Адамның жаттау қабілетін арттыратын не нәрсе?» – деп сұрағанда, ол: «Кітапқа көп үңілу» деп жауап берген екен.

Ендеше, ұлы мақсаттарға қол жеткізуді қалап, пайдалы білім алып, өзгелерге де пайда тигізуді көздеген адам күнделікті өмірде үзбей кітап оқуды әдетке айналдырғаны дұрыс.

Рухани құндылығымыз-кітап туралы әлемдегі ұлы адамдар, ойшылдар, ғалымдар мен педагогтар кітап пікір-пайымын кейінгілерге өсиет ретінде жазып қалдырған. Бірнешеуін келтіре кетсек.

Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап. Ахмет Байтұрсынұлы

Мәдениеттің мәйегі - кітап. Шерхан Мұртаза

Кітап оқуды қойған адам ойлауды да қояды. Дени Дидро

Кітабы жоқ үй жаны жоқ дене сияқты. Цицерон

Зады, бірегей тұлғаларға, бірегей кітаптарға сын есім жүрмейді. Асқар Сүлейменов

Кітап маған тақтан да қымбат. Шекспир.

Наданмен қас болғанша, Кітаппен дос бол. Бауст.

Әлеуметтанушы бір жолы алматылық студенттер арасында зерттеу жүргізіпті. Сонда байқағаны, олар аға буын өкілдеріне қарағанда кітап оқуға құлықсыз. Бірақ бұл жастар мүлдем кітап оқымайды деген сөз емес. Бүгінде электронды құрылғылар мен интернетті серік еткендер көп. Олар болашақта электронды кітап баспа кітаптың орнын басатынына нық сенімді. Бұған интернеттегі көркем әдебиет аясының кеңеюі түрткі. Оның үстіне, қазір керек мәліметті компьютерден, гаджеттен оңай ала аласың. Жастардың социомәдени дамуы үшін кітап оқудың маңызы зор. Алайда, жаһандану заманындағы түрлі технологиялық және инновациялық прогресс студенттердің оқылым формасын өзгертіп, техногенді студенттер тобын қалыптастырды, – дейді әлеуметтанушы.

Мыңжылдықтар тоғысында дүниеге

келген ұрпақтар буынының әлеуметтік медиада өмір сүруі – заңдылық. Өйткені олар әлем мобильді телефоннан смартфонға ауысып жатқан дәуірде өсті. Сондықтан басқа басқа, онлайн әлемнің қыр-сырын білмейтін ата-аналарымен ашық әңгімелесудің өзі Z ұрпақ үшін мұң. «Бүгінгінің жастары...» деп алдыңғы буынның өзінен кейінгіге ылғи көңілі толмайтыны ұрпақтар теориясының төркініне келетіндей...

CFK халықаралық маркетингтік зерттеу институтының 2021 жылы жасаған қорытындысында халқы кітапты көп оқитын он елді атаған.

Олар: Қытай, Ресей, Испания, Италия, Британия, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Мексика, Канада. Өкінішке орай, қазіргі Қазақстан кітап оқымайтын, кітапты ешбір құндылық деп санамайтын қараңғы елге айналып барады, – делінген. Жастарға кітапты құндылық ретінде бағалап қана қоймай оқытатын да оңтайлы жолын табу керек деп ойлаймын. Бұл – ұстаздардың бағыт-бағдар беруіне байланысты. Осы жөнінде өз тәжірибемді ортаға салып, әріптестеріммен бөліскенді жөн көрдім. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі www.kaznu.kz Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасындағы эдвайзерлік тобым «Өнеркәсіптегі кешенді қауіпсіздік аудиті және басқару» мамандығының 2-курс магистранттарына өздерінің таңдауы бойынша кітаптарды оқып келуді тапсырдым. Соңынан осы кітаптардың мазмұны бойынша пікір алмастық. Балалар өз ойларымен бөлісті.

Жолдығұлова Таңшолпан Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» туралы:

«Жусан иісі» – халықтың соғыстан кейінгі тұрмысы мен қазақ ауылының, замандастарының тыныс-тіршілігін шынайы сомдаған повесть. Шығарманың «Жусан иісі» деп аталу себебі – соғыс кезіндегі жетім балалардың арманы, соғысқа аттанған әкелеріне деген сағынышы, ауылдың жусан төбелерінде өткен балалық шақтағы оқиғаларды суреттеуі себеп болған. Шығармада Аян деген жасөспірім баланың өмірінің белгілі бір кезеңінде болған оқиғалар. Әкесі соғыста, анасы жоқ, жалғыз әжесі қайтыс болып, соғыстан ағасын күткен. Жазушы Аяның ішкі болмысынан, тайған тобығының азабынан да ауыр жан жарасын баяндайды. Өте әсерлі. Адамға ой саларлық. Өткен заманның өмірін, соғыстың салған ауыртпалығын, ең бастысы, кішкентай Аяның бір басына түскен қиыншылықтарын түсіндім.

Алпысбаева Алина Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» туралы:

Қазақ топырағында тарихи-революциялық тақырыпқа барған тұңғыш роман. Ол 1922 жылдары жазыла бастап, 1927 жылы жеке кітап болып шықты. 1936 жылы өңделіп, толықтырылып, екінші рет басылды. Шығармада 1916-1919

жылдардың оқиғалары қамтылады. Қазақ-кеңес әдебиеті тарихында «Тар жол, тайғақ кешу» романының орны ерек. Бұл тарихи-мемуарлық шығармада қазақ халқының Қазан революциясына қатысқаны, оның жеңісін қорғау жолында талай ерлік көрсеткені, бақытты өмірге жету үшін қандай қиын өткелдерден өткені барынша нақты және тартымды баяндалған. Сондықтан да бұл роман – революциялық күрестің көркем шежіресі. Сәкен Сейфуллин қазақ жерінде Қазан төңкерісін іске асырушылардың бірі болды. Ақмола совдепін құрып, Аннековтың азап вагонында, Колчак лагерінде қорлық көрген ол-қазақ үшін елеулі еңбек атқарып, мекнат тартты. Дәуір ұранын бейнелеген «Тар жол-тайғақ кешу» – алғашқы революциялық бағытқа негізделген роман-эссенің басын бастап берді. Автор өзінің мінезімен, өз ойымен шығармада ерекшеленеді.

Сансызбаев Серик Жүсіпбек аймаутовтың "Ақбілек" романы туралы:

Жүсіпбек Аймауытовтың қаламынан туған психологиялық роман. Роман тұңғыш рет 1927 жылы «Әйел теңдігі» журналында жарияланды. Ақбілек романы маған өте қатты әсер қалдырды. Қаншама қиын қыстау кезеңді басынан өткерсе де мойымаған Ақбілектің ерлігі. Ақбілек білімге ұмтылып, азаматтық құқыққа ие болған алғашқы қазақ әйелінің бейнесі болды. Намыс, қайрат, жігері жүрегіне қонған Ақбілектің өсу жолы – ұлы намыс жолы екендігі хақ. Сонымен бірге халқымыздың өткен өмір көріністерін, адамдар арасындағы көзқарастар қақтығысын, келешек күндерге деген наным, сенімдері шабытты, көркем көрсетіледі. Кейіпкерлер келбеті, іс-қимылдары да жақсы жеткізіледі. Оқырманның әсерлі ой құшағында қалары анық.

Рыскелді Дина Шерхан Мұртазаның "Ай мен Айша" туралы:

Бұл кітап, Шерхан Мұртаза атамиздың балалық шағы жайында. Кітапты оқи отырып түрлі сезімге бөлендім. Жылата отырып күлдірте білген, жүрекке жылы әңгіме мен қоса жан түршіктіретін заманның қатал қайыс жолдары жайында. Атамыз нағыз соғыста болмаса да, соғыс уақытында балалық шығын өткізгеннің өзі бір ерлік. Жастай әкесінен айырылып, "Халық жауы" баласы атанған. Анасы Айшаның жадыраған жүзі қара түнекке айналып, жалғыз өзі жүріп ұша баласын бір ұыс бидай талқанмен өсірген. Жалпы бұл кітап анасы Айшаның мұңын, бастан өткізген қиыншылықтары жайында. Сол себепті де "Ай мен Айша" деп аталған. Ал Айдың не қатысы бар десеңіздер? Аш бала, қараңғы әрі суық үйдің терезесінен үміт көзін берген аспандағы Ай болған. Өзіме бір түйгенім қазіргі күнімізге шүкір. Ол жылдары адам затының өзі бір ерекше мықты болған. Әсіресе қазақ әйелдері. Ерлерінің барлығын соғысқа алып кеткен, ауылда тек қарт кісілер, балалар және әйелдер. Барынша тырысып үкіметке жұмыс жасап тірнектеп жүріп отбасыларын баққан. Тек өзіміз демей, көшіріп алып келген басқа ұлттарды да үйлеріне қоныстатып, бір үзім нанды бөлісіп жеген. Менің ойымша бір мемлекет болып қалғанымыз осындай аналарымыздың арқасында.

Қалманбай Нұрболат Шерхан Мұртаза "Қызыл жебе" романы туралы:

Атақты қазақ жазушысы Шерхан Мұртаза бұл шығармасында өз заманының белді азаматы, мемлекет қайраткері, Орталық Азия халықтарының ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушы Тұрар Рысқұлов өмірін баяндайды. Шығарманың бірінші бөлімі толығымен болашақ дипломаттың

әкесі Рысқұл Жылқайдарұлы жайында баяндалған. Зұлмат заманның талай қасіретін көрген "нағыз" әке баласы, жанұясы үшін жанын аямай небір кедергілерден сүрінсе де, құламай, тіпті тойтарыс бере отырып, дес бермей күрескенін жазушы нақышына келтіріп суреттеген. Сол заманның құйтырқы биліксүйгіш болыстары Дауылбай, Саймасайлардың бірінен соң бірінен көрген қорлығы, олардан алған кегі, жағымпаздыққа басын ешқашан бұрмаған қатулы қасиеті кітап беттерінде тайға таңба басқандай анық көрсетілген. Бала Тұрарға әкесінің соншалықты сүйіспеншілігін сонау қиын заманда көрсете білуін жазушы тағы ұмытпай, оны да шынайы, әсерлі сипаттады. Тұрардың Тұрар болып қалыптасуына әкесі үлкен ықпал еткенін біліп, әуелі әкесінің өмірбаянынан бастағаны оқырманға оқиғаны дұрыс танып білуіне үлкен көмегін тигізетіні анық. Ешқашан есінен ұмытылмас әкесінен жастайынан айырылған Тұрардың кейінгі өмірі түрме бастығы Приходьконың қызы Наташа арқылы хат тануынан басталады. Есейгенде Тұрар үшін бірден бір қажет ресурсты осы орыс қызынан алу романға бір үлкен сүйкім сыйлайды. Шын ниетімен білім нәрін кішкентай бала миына сусындатқысы келген және бір кішкентай қыз арасындағы сөзбен жеткізбес байланыс шығармаға деген қызығушылықты одан әрі арттырады. 10 жасында алған білімі өмір бойғы сапарына үлкен көмек болатынын кім біліпті?! Романнан тағы бір алған әсер қазақтың өз туысынан көрмеген жылуды өзге ұлттан көру. Рысқұл өмірінде тек санаулы өзге ұлт өкілдерімен байланыс орната білді. Барлығымен болған сәттерді роман беттерінде тек қуанышпен, жақсылықпен еске алды. Петербор ғалымы Дмитриев, досы қара Иван, революционер Бронников... Бәрінен тек жақсылық көргенін жазушы айқын көрсетті. Ал қаны бір, жүрегі бірге соққан жандардан ше? Бұл шығарманың ерекше, әрі ащы қыры...

Қанат Гүлжанат Тұрысбек Сәукетаевтің «Желқайық» романы туралы:

Бұл романда Бахтияр мен Зухра есімді кейіпкерлердің өмірінде кездескен адамдардың жағдайы баяндалған. Ұлтымыздың рухани болмысының сол кездегі халі - жан түршігерліктей... Қазақтың ел қатарына қосыламы дегенше көрген зобалаңы, елім-айлап зарлағаны, сол жолда депрессияның салқыны мен аштықтың зардабы, радиация толқыны мен желтоқсанның ызғары ешкімді соқпай өтпегендей. Әр елдің, адамның, оқиға-құбылыстың болмысын ақ жағы мен қара түнек жағы болатын сияқты, бұл зұлмат тарихи кезеңнің көлеңке тұсындай. 80-90 жылдарды заманына қарай бөркін киген небір қу, өз жеке басының пайдасы үшін арын сатуға дайын тұратын, туғанына да қастандық жасай салатын бір тап өкілдері болса, енді бірі - сол заманның қасіретінен зардап шегіп отырған нашақор, жезөкше, радиация, полигон құрбандары – бәрі, бәрі бұл шығармада қазақтың ділді жоғалтып, бодандықтың зардабын татқан халқымыздың аянышты халі.

Қорыта келгенде, осы аталған кітаптардың әрқайсысында қазақ халқының белгілі бір кезеңінде басынан өткерген қиын-қыстау жағдайларды кітаптан оқып білдік. Кітап оқысаң, көзің ашылады деген рас. Қысқасы, кітап оқитын он елдің қатарына қосылайық. Кітап оқу арқылы рухани байлығымызды арттырайық.

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО» кафедрасының қауымдасқан профессоры А. К. Қожанан**

## ТІЛДЕН АСҚАН БАЙЛЫҚ ЖОҚ

Көркем сөйлей білу де - өнер! Тіліміз қазіргі кездегі ең көп талқыланатын өзекті мәселе болғанымен, бұрынғыға қарағанда біршама деңгейге көтеріліп қалғандығы көңіл қуантады. Біздің ойымызша, тіліміздің деңгейінің көтерілгендігі қандай болмақ? Барлық қазақстандықтардың қазақша сөйлегені ме, жоқ әлде басқа ұлттардың қазақша сөйлей бастағаны ма?! Мүмкін, солай да шығар...

Ресей үкіметінің езгісіне ұшырап, әбден әлсіреп барып, бізді зорға тапқан тіліміз - ата-бабамыздан қалған асыл мұра. Ең өкініштісі, бізге дәл ата-бабамыз тапсырған күйінде жеткен жоқ. Әрине, осынау қиын-қыстау заманды басынан өткерген ел үшін, салт-дәстүрі, тілі мен дінін сақтап қалуы оңайға соқпасы анық. Осы жағдайлардан кейін тіліміздің еріксіз шұбарлануы да заңдылық. Дегенмен, біз ол замандарды тастап бейбіт күнге жеттік. Мұнымен менің айтқым келгені - қазіргі тіліміздің деңгейі қандай?

Расында да, қазақ тіліміз мемлекеттік тіл мәртебесіне ие деп бәріміз бір адамдай қуанамыз-ау, бірақ кейбіреулер бұл тілдің қадір-қасиетін бағаламай жүргені - ащы шындықтың бірі...

Біздің қазақ халқының тарихында тіліміздің ең таза, ең тұнық болған кезеңі ол - Абай өмір сүрген дәуір. Егер сіз «Абай жолын» оқысаңыз, сондағы қазақтардың бір-бірімен сөйлескендегі шешендігіне таңырқамай қала алмайсыз. Ондағы қарапайым ауыл тұрғынының өзі қазіргі «мен» деген журналист немесе жазушылардан кем сөйлемейді десек, артық айтқандығымыз болмас. Мұны жай ғана жазушының кереметтілігімен байланыстырып қоюға болмайды. Тіпті, біз тұрмақ сол кезде Абайдың өзі де Базаралы, Дәркембай сияқты замандастарының шешендігіне іштей құрметпен қарайтын. Кейбір кездері мақтап та қоятын. Ал, қазіргі уақытта біз қазақ тіліне көркемдік беретін сан алуан сөздерді ұмыта бастағандаймыз. Сонымен қатар кейбір ағаларымыз айтар ойын түсіндіре алмай қиналып жатқандығын кездестіреміз. Терең мағыналы, жинақы және көркем естілетін сөздер айналамызда толып тұрғанда, біздің сауатсыздық танытқанымыз ұят-ақ.

Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттік ұйымдар, мектептер, жоғары оқу орындары, тіпті денсаулық сақтау мекемелерінде ана тілі - қазақ тіліне байланысты іс-шаралар өткізілуде. Соның ең таңдаулысы ретінде мен өз білім ошағым - Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетімді мақтан тұтып айта аламын. Қазақ тіліне үлкен мән беріп «Қазақ университеті» университеттік газеті көптеген қаламгерлер үшін нағыз журналистиканың мектебі болды, ал «Алтын сапа» ұйымы студенттерді ораторлық шеберлікке үйретіп, көркем сөйлеу қабілеттерін дамытуда.

Ананы қалай ардақтасақ, ана тілімізді де дәл солай ардақтайық, құрмет тұтайық, ағайын!

**Болегенова Салтанат Алихановна  
Нұғыманова Айжан Олжабекқызы  
Төлепберген Аяжан Саматқызы  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Стандарттау және сертификаттау  
мамандығы**

## ЗАСЛУЖЕННЫЙ УЧЕНЫЙ-ОНОМАСТ КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

При выборе университета каждый будущий студент обращает внимание на престижность высшего учебного заведения, наличие интересующей программы обучения, количество выделенных грантов, наличие стипендии и общежития, качество и профессионализм преподавательского состава, наличие международных программ, возможность трудоустройства, государственную аккредитацию вуза.

КазНУ имени Аль Фараби по праву отвечает всем данным критериям. Данный исследовательский университет обладает наибольшим научным потенциалом и дает свободу, хороший бюджет для ведения научной деятельности, что выделяет его среди других ВУЗов Казахстана. Так на 2022-2026гг из средств республиканского бюджета было выделено 99 371 075 тыс тенге, из них на научную деятельность - 14 989 075 тыс тенге.

По итогам исследования международного рейтингового агентства QS World University Rankings в 2022 учебном году КазНУ занял 150 место среди университетов мира. В рейтинге QS University Rankings по странам Восточной Европы и Центральной Азии (QS University Rankings EEEA 2016), КазНУ занял 11 место из 200. В обоих рейтингах КазНУ получил самую высокую оценку среди всех ВУЗов Казахстана и Центральной Азии. Привлечение в нашу страну зарубежных преподавателей и ведение активной научной деятельности является заслугой как МОН РК, так и нашего ВУЗа. Не каждый ВУЗ может похвастаться наличием 400 докторов наук, профессоров и более 800 кандидатов наук, доцентов, 200 отечественных и зарубежных докторов философии (Ph.D.).

Каждый из профессоров заинтересован в вашей научной деятельности и будет курировать вас во всех нелегких этапах написания статей, магистерских и докторских диссертаций. Огромный вклад в научную сферу КазНУ имени Аль Фараби внесла профессор кафедры тюркологии и теории языка, доктор философских наук - Мадиева Гульмира Баянжановна, в 2008 году по праву удостоенная государственного гранта и звания «Лучший преподаватель ВУЗа». 21 января 2023 года наш уважаемый руководитель магистерской диссертации отметила юбилей в возрасте 65-ти лет.

Гульмирой Баянжановной опубликовано более 200 научных трудов, 4 монографии, в том числе «Теория и практика ономастики» (Алматы, 2003, 2016); «Теоретические основы ономастики» (2010), «Имя собственное в контексте познания» (2005, 2011), «Динамика языковой ситуации в Казахстане» (Алматы, 2010, в соавт.); коллективная монография «Топонимическое пространство Восточного Казахстана» (Усть-Каменогорск, 2008), 3 учебных пособия, 6 учебников, 8 методических рекомендаций, 2 словаря-справочника, включая «Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі» (Алматы, 1998, в соавт.).



Также Мадиева Г.Б. внесла непосильный вклад в развитие образования Казахстана. Так она является автором многочисленного количества учебников: УМК по русскому языку для 7 класса русских школ - Алматы, Атамұра, 2000, 2003, 2007, 2012; УМК по русскому языку для 8 класса русских общеобразовательных школ - Алматы, Атамұра, 2008, 2012, рекомендованные Министерством образования и науки РК (в соавт.); учебное пособие «Теоретические основы ономастики» - Алматы-Волгоград, 2010 (в соавт.) и др.

Под ее научным руководством подготовлены 1 доктор филологических наук, 8 кандидатов филологических наук, 5 докторов философии Ph.D.

В данный момент мы, студенты магистратуры 1 курса лингвистики, изучаем «Ассоциативное поле Ковид-19» и «Мотивацию неофициальных именованных в ономастике», в чем получаем огромную поддержку и помощь от нашего куратора, и возможность реализовать себя на пути научной жизни КазНУ. Мы хотим выразить огромную благодарность нашему научному руководителю, д.ф.н., профессору Мадиевой Гульмире Баянжановне за возможность вести активную научную деятельность. Для всех тех, кто не может определиться, Мадиева Г.Б. может стать вашим верным наставником в исследовании ономастики, общего языкознания, вопросах лексикографии, либо других сфер лингвистики.

**Кайдаулова З.Т., Уразбаев С.Б., студенты 1 курса магистратуры, кафедра тюркологии и теории языка, специальность «Лингвистика»  
Курирующий преподаватель: Мадиева Г.Б.**

## ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ - ӨНЕРЛІ ҰРПАҚ ОРДАСЫ



Сәбитбек Жәнібек 4 курс студенті жылу энергетика мамандығының студенті. Бисайысы бойынша 25 бишіден тұратын Phys-gang командасының жетекшісі Мейрашева Зарина би өнерінің әсемділігінің мағынасын ашып берді.

Студенттік өмір жарқын естеліктерге, қызықты сәттерге толы болуы керек. Тек университетте сіз бұл мақсаттарға қол жеткізе аласыз. Жақсы достардың ортасы, ұмытылмас жаңалықтар, керемет сәттер - бұл студенттік өмір. Университет өнерге тек білім беру және ғылыми тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге білім беру процесінде де үлкен мән береді, бұл өнер ақылды адамдарды дамытудың құралы деген идеяға негізделген. Осы бағытта көш бастайтын - ҚазҰУ жастары!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң физика-техникалық факультетінде кез-келген биіктерді бағындыруға деген талпыныс оттары бар жастар тәрбиеленіп келеді! Олай дейтін себебіміз жуырда Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында «Super students» атты факультетаралық байқауының финалы өтті. Финалда физика-техникалық факультеті басжүлде жеңіп алды!

2023 жылдың ақпан айында ең алғаш рет білім ордамызда ақпарат және коммуникация департаменті, ректорымыз Ж.Қ.Түймебаев инициативасы бойынша ҚазҰУ ішілік, факультетаралық телевизиялық жоба «Super Students» жобасы ұйымдастырылды. Жобада 16 факультеттің студенттері өз өнерімен көпшілікті қайраң қалдырды. Қатысушы факультеттердің ішінен 4 факультет финалға жетті. Олар: физика-техникалық факультеті, журналистика факультеті, заң факультеті, философия және политология факультеті. Жарыс үш сайытан тұрды: ән, би, еркін өнер. Факультетіміздің атынан ән сайысы бойынша өзінің қоңыр үнімен көрермендерді тәнті еткен -


Еркін өнер бойынша Тугельбаев Самат Шәмшінің рөлін сомдап, «Ана туралы жырды» шырады, ал оның анасының рөлін факультетіміздің көрікті оқытушысы Сызғанбаева Сәуле ханым сомдады.

Факультетіміздің еншісіндегі жүлделері:

- БАС ЖҮЛДЕ «Super Students»
- 300.000 жүлделік қор
- Кубок
- 100.000 факультет деканы Бейсен Нұрзада Әбдібекқызы өз қолымен табыстады.
- Мейрашева Зарина: «Үздік өнер көрсеткені үшін» мадақтама және Ыстықкөлге жолдама мен Centercredit банкінен арнайы сый алды
- Сәбитбек Жәнібек Халықаралық ән байқауына жолдама алды.

Қорытындылай келе, физика-техникалық факультеті өзге факультеттерге ең талантты студенттер жиналғанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Студенттік өмір тек оқумен ғана емес, сан алуан қызықтарға толы болуы тиіс. Бүгінгі күн - ертеңгі күннің тарих. Әр күнімізді есте қаларлықтай, кейін қуанышпен еске алатындай өткізуге тырысайық, студенттер!

**Физика-техникалық факультетінің аға кураторы Зұлбухарова Э.М.  
Физика-техникалық факультетінің аға оқытушысы Молдабекова М. С.  
Физика-техникалық факультетінің 1 курс магистранты Шалқар А.**



## СЕНІҢ ҚАЙҒЫҢ – МЕНІҢ ҚАЙҒЫМ, ТҮРКИЕМ!

(Жалғасы. Басы 1-бетте)


Бауырлас халқымыздың басына түскен табиғи апат туралы хабарды Қазақстанда ерекше ауыртпалықпен қабылдады. Себебі екі елді көп нәрсе байланыстырады: тарих, мәдениет, тіл, әдет-ғұрып. Кезінде Түркия қазақ елінің тәуелсіздігін алғашқы болып мойындады. Әрине, бұл үшін оған шексіз алғысымызды білдіреміз. Қонақжай, кең пейіл, бауырмал түрік халқы бізге құшағын айқара ашты. Осы жылдар ішінде біз әртүрлі іскерлік, ғылыми және мәдени жобаларды ойластырып, бірге жүзеге асырдық. Мыңдаған қазақстандық балалар мен жастар жыл сайын халықтарымыздың жақындасуы мен өзара түсіністігіне ықпал ететін түрлі іс-шараларға қатысты.

Алматы қаласындағы Түркі халықтары мәдени қоры атынан Түркия мен Сирия халқына қайғырып көңіл айтамыз. Осы қиын-қыстау күндерде біз оларға қажыр-қайрат, қайсарлық, ауыр сынақтарды еңсеруде шыдамдылық тілейміз. Алла Тағала біздің тілегімізді қабыл етсін.

Түрік Республикасының құрылғанына 100 жыл толуы қарсаңында оның негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүріктің «Түркі бірлігі миллиондаған адамдарға жаңа көкжиектер ашатын күн сияқты өлемге жарқырайды» деген сөзін еске аламыз.

Біз біргеміз!

Редакция



## ТАЛАНТҚА ТАҒЫМ

Бүгін яғни 9-ақпан күні ақиық ақын М.Мақатаевтың туылғанына 92 жыл толуына орай, Алматы Ұлттық Медицина колледжінің директоры Тасболат Қырғызбайұлының ұйымдастыруымен ақынның ескерткішіне гүлшоқтары қойылды. Талантты студенттер ақынның жазған өлеңдерін жатқа оқып, жиналған жұртшылықтың естеліктерін тыңдады. Атап айтқанда, Шойбек Жаннұр «Бақыт деген не өзі?», Ысқақ Мадина «Бүгін менің туған күнім ой, бөлей!», Нүкен Айдана «Қасында жүрсем», Серікқазы Мадияр «Үш бақытым», Елеуова Алма «Бұл қалай?» атты жырларды оқығанда ерекше әсерлі шықты. Қазақстан Жазушылары одағының мүшесі, ақын, мұқағалитанушы Нұрлан Сәрсенбаевтың Мұқағали туралы айтқан сөздері келушілердің назарын аударды.

– Мұқағали Мақатаев – қасиетті аспан тау етегін жайлаған елдің өнер мектебінен оқып, мықтап тәрбие алып жетілген, жыр теңізін сапырып өткен, тағдыр қайталай дүниеге әкелген дарын иесі. Мұқағали Мақатаевтың дара талантынан туған өлмес поэзиясы ханның да, қараның да көңілін толқытып, күллі қазақ баласы жасаған ұлан-ғайыр өлкеге, шексіз де, шетсіз сахараға, айбатты әсем қалаларға, тіршіліктің отын маздатқан миллиондаған ақ боз үйлердегі қарашаларға дейін сапар шегіп, қазақ болып өлемге тіл қатты, қазақ болып күллі дүниені шарлады. Бұған ғалым Мырзатай Жолдасбековтың: «Мұқағали бүтін бір ғасырдағы қазақ поэзиясын биіктетіп кетті» деген сөзі куә. Мұқағалидың атақ-даңққа жетуі, ұлттық рухқа бай жырларының тереңге тамыр тартуы, аспан тау елінде жасаған өнер жұлдызынан өнеге алған, киелі өнер сабақтастығының құдіреті болса керек.

Мәңгі өлмес жырларымен әрбір жырсуіер қауымның жүрегіне жол таба білген ғасыр ақынына тағзым етуге Алматы Ұлттық Медицина колледжінен бөлек, басқа келген адамдардың қарасы да көп болды. Жыл сайын дәстүрге айналған бұл шара «Қазақтың қара өлеңін өзіне шекпен жауып» қайтара білген мәңгі өлмес талантты өнер иесін, жастар арасында кеңінен насихаттауға бағытталып отыр. Осындай игі шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табады деп сенеміз.

Кенже Оразайұлы,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



[www.ctzgroup.kz](http://www.ctzgroup.kz)  
[www.profpanel.kz](http://www.profpanel.kz)

- ❄️ Камера шоковой заморозки
- ❄️ Морозильная камера
- ❄️ Холодильная камера
- ❄️ Сэндвич панели минплита
- ❄️ Сэндвич панели ППУ
- ❄️ Доборные элементы
- ❄️ Дверь распашная
- ❄️ Дверь откатная
- ❄️ Сплит система
- ❄️ Моноблок
- ❄️ Металлоконструкция

ПРОИЗВОДСТВО ПОСТАВКА МОНТАЖ

☎️ sales@ctzgroup.kz

☎️ +7 776 225 62 04

📍 пр. Суюнбая 66 В,  
Алматы / КАЗАХСТАН

# КАФЕДРА «ТЮРКСКОЙ» - ИСТОРИЯ УСПЕХА

Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби Алматы, Казахстан - основанный в 1934 году является шанераком учебных заведений Казахстана. Ведущее многопрофильное учебное учреждение системы высшего образования Республики Казахстана. КазНУ - Лидер Генерального рейтинга вузов Казахстана, первый в истории страны лауреат премии Президента Республики Казахстан «За достижения в области качества», дипломант Премии Содружества Независимых Государств за достижения в области качества продукции и услуг. Университет Аль-Фараби входит в число 150 лучших университетов мира по итогам глобального рейтинга "QS World University Rankings".

Состав университета включает 16 факультетов, 67 кафедр, 32 научно-исследовательских институтов и центров. Преподавательский состав - это более 2 тысяч профессоров, докторов, кандидата наук и докторов философии, более 100 академиков крупнейших академий, более 40 заслуженных деятелей Республики Казахстан, около 40 лауреатов Государственных и именных премий РК и 40 лауреатов премий молодых ученых. В 1989 году в академической жизни университета происходит значимое событие - открытие факультета востоковедения. Сегодня факультет востоковедения - это признанный центр казахстанской ориенталистики, крупнейший центр Казахстана по подготовке высококвалифицированных специалистов со знанием восточных языков. На факультете преподают высококвалифицированные педагогические кадры, осуществляется интересный и творческий учебно-воспитательный процесс, проводятся научные исследования. Научно-исследовательские центры арабистики, тюркологии и корееведения, ресурсно-информационные центры индологии, китаеведения, иранистики, японоведения - часть огромной и слаженной системы.

Изначально турецкий язык и литература преподавались на кафедре ирано-турецкой филологии, с созданием факультета востоковедения, изучение турецкого языка, литературы и культуры было вынесено на новый уровень. Первая ступень и прочная основа изучения и исследования в сфере языка и культуры была заложена именно в то время. С 11 апреля 1996 г. начала самостоятельно функционировать кафедра «Турецкой филологии». В этом же году состоялся первый выпуск студентов данного отделения из 17 человек.

На кафедре тюркологии и истории стран Востока всегда трудились высококвалифицированные ученые-специалисты, специализировавшиеся по таким направлениям, как тюркология и история, языкознание, лингвокультурология, этнолингвистика,

сравнительная история казахской и турецкой языков, теория лексикографии, турецкий язык как второй и иностранный языки, теория перевода и др.

С начала 2000-2001 г.г. Кафедра Тюркской, как и другие кафедры факультета востоковедения, стала комплексной и теперь в ней сосредоточены преподаватели не только турецкого языка и литературы, но и истории, культуры, религии, политики и экономики Турции. В связи с этим кафедра получила название «Кафедра Тюркологии».

На кафедре Тюркской, в данный момент, работают 18 преподавателей, включая 4 доцента, 6 докторов наук, 2 кандидата филологических наук, 6 старших преподавателей. Кафедра имеет тесные связи с Посольством Турции в Казахстане, с советниками по образованию и культуре Турции, с Евразийским Научно-Исследовательским Институтом, который является филиалом Международного Казахско-Турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави а также с агентством турецкой организации и развития (ТИКА) и многими другими турецкими организациями и фирмами.

Преподаватели кафедры «Тюркской» проводят научно-исследовательские семинары, научные конференции, круглые столы, симпозиумы, конкурсы, олимпиады и многие другие научные мероприятия для вовлечения студентов в научную деятельность, для освещения актуальных проблем и насущных вопросов языкознания и культурологии. Ежегодно на базе кафедры проводятся международные мероприятия с привлечением ученых из ведущих университетов Турции, которые способствуют качественному обмену знаниями, опытом и укреплению академических связей.

Преподавательский состав параллельно обучению проводит научную деятельность с публикациями монографий, учебных пособий и других научных работ. Кафедра осуществляет руководство над научно-исследовательской работой студентов, что дает возможность писать дипломные, магистерские и докторские работы, располагая помощью как ученых-практиков, так и теоретиков.

Одним из многочисленных достижений кафедры Тюркской относятся крепкие культурно-образовательные связи с ведущими университетами Турции, которые дают возможность приглашать лучших специалистов в области лингвистики и культурологии с лекциями и семинарами в Казахстан. Мероприятия проводятся на турецком языке, с приглашенными гостями. Особой гордостью является тот факт, что мероприятия, организованные кафедрой «Тюркской» посещают послы разных государств, деканы факультетов и другие почетные гости. Благодаря прочным связям хорошо

отлажен механизм обмена студентами, что дает возможность студентам погрузиться в изучаемый язык и познать глубже культуру страны изучаемого языка.

К достижениям кафедры можно отнести и успешные выступления студентов на республиканских олимпиадах по турецкому языку, где они традиционно занимают большинство призовых мест.

Кафедра предоставляет студентам возможность изучать турецкий язык дополнительно и бесплатно. Уроки проводятся носителями языка и высококвалифицированными специалистами из турецких университетов.

Выпускники кафедры Тюркской - это уверенные и успешные молодые ученые и специалисты, востребованные как на родине, так и за рубежом. Среди выпускников - известные ученые, преподаватели, дипломаты, общественные и политические деятели, именитые переводчики. Кафедра открыта к сотрудничеству с разными университетами и образовательными программами мира. Главной целью и философией кафедры является сохранение и приумножение знаний, полученных от выдающихся учителей; сочетание академической глубины с практической ориентированностью; сочетание традиционных и современных подходов к преподаванию учебных дисциплин для формирования универсальной языковой личности с широким культурологическим кругозором, уверенно заявляющим о себе на мировой арене.

Студенты, которые стремятся получить знания и умения мирового уровня, будут иметь доступ к образованию высокого стандарта, присоединившись к кафедре Тюркской. Будучи студентом кафедры можно учиться и заниматься наукой под руководством ученых, а также приглашение на учебу, минимум на один семестр по программе академической мобильности в лучшие университеты Турции - будет для Вас реальностью! По окончании университета выпускники с уверенностью смотрят в будущее и готовы к любым испытаниям.

**и.о. доцент, преподаватель кафедры Тюркской:**  
**Дулаева Эльнара Зильпикаровна**

**Зам. зав. каф. по научно-инновационной работе и межд. связям Кафедры Тюркской:**  
**Теменова Гульзада Канатовна**  
**КазНУ имени Аль-Фараби**  
**Факультет востоковедения**



## PROJECT: «FARABI FEST» IS A POWERFUL IMPETUS FOR STUDENTS TO CREATIVITY AND SELF-DEVELOPMENT

KazNU University never leaves its talented students in the shadow, always giving them the opportunity to show their talents. This is the reason why the university holds many competitions and concerts every year. During such events, students manage to live an active student life, making many new friends and acquaintances. University events teach students teamwork, responsibility, creativity, solidarity and mutual respect. Participating in the university events enhances students' self-esteem and make them very confident people that is of a great importance for future specialists.

In September the University administration made a decision to hold the event being called: "Farabi Fest". "Farabi Fest" is a contest being held among the students of all courses of the faculties of Al-Farabi Kazakh National University. The aim of this contest is to allow students to reveal their talents. In the competition which was held in September, the students from the

all faculties of Al-Farabi Kazakh National University responded to the call given by the university. All students who could dance, sing and play musical instruments. The competition included the following categories: "Farabi Dance", "Farabi Music" and "Farabi Musical Instruments". The "Farabi Fest" event was held for the first time. It was the first educational project launched by the Al-Farabi Kazakh National University in 2022-2023 academic year.

The first event which was held in September was opened by Zhanseyit Tuimebayev, the Rector of Al-Farabi Kazakh National University. In his speech, the Rector emphasized that "Farabi Fest" was the first and the most significant project for the students and was aimed at uniting the students' youth which would be able to make our country flourishing in the future. He expressed the words of gratitude to all students of A-Farabi Kazakh National University for supporting "Farabi Fest" idea

having said that this project would be an important landmark in the university history. The speech given by Zhanseyit Tuimebayev was supported by huge applauds. On that day the students from all faculties revealed their talents and surprised the audience. The performances presented at the competition were prepared in an unusual and creative manner. Each performance was a small masterpiece. By the results of the competition the Faculty of Chemistry and Chemical Technology won the main prize. But the teams from other faculties were also awarded the letters of gratitude and diplomas.

The given event brought together the students of junior and senior courses. When preparing to the event the students worked in a teamwork way. Some students were able to demonstrate their organizational and creative skills. Each team made many efforts to make the performances of its group more vivid and unforgettable for audience. "Farabi

Fest" was an excellent start, especially for the 1st year students who had only begun their student life. The 1st year students were able to fully plunge into the atmosphere of real students' life. During the event, the students were able to exchange interesting ideas and made useful recommendations on how to improve the given performance. For a few days, they became not only a united team which worked as one mechanism but a family where all members supported and helped each other. At the end of the event the students were able to know each other better and became very friendly. Many students wrote on their social network pages such events help students to develop creative abilities and responsible, serious attitude to fulfilling student's duties.

**Muzdakova Symbat**  
**Makhmetova D.M.**  
**Issabayeva B.K.**

## «SUPER STUDENTS» БАЙҚАУЫНДА 1 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ТАБЫС ЕТІЛДІ...

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде факультетаралық тұңғыш «Super students» телевизиялық таланттар байқауы өз мәресіне жетіп, сайыстың жеңімпазы анықталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен жүзеге асқан байқауға 16 факультет қатысып, өзара бақ сынасты. Байқауда факультет студенттері үш кезең бойынша сынға түсті. Атап айтқанда, ән сайысы, би сайысы және ерекше қабілет көрсету сайысы. Өнерпаздардың өнерлерін елге танымал тұлғалар, қазақ эстрадасының жұлдыздары мен би саласының үздіктері сараптады. Топтық және жартылай финалда мүдірмей өткен төрт факультет «Super students» байқауының финалдық кезеңіне жолдама алды. Олар: физика-техникалық факультеті, журналистика факультеті, заң факультеті, философия және саясаттану факультеті.

Финалдық бөсекеде танымал актер, әнші, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Байғали Есенәлиев, әнші, 2007 жылғы Азияның үздік дауыс иегері Айгүл Адиханова, күйші, «Қаскелең» мәдениет колледжінің директоры Саят Ақбасов, кәсіби биші Роман Лузанов пен Гүлден Исаева, актриса Бақыт Әліпбаева қазылық етіп, байқау жеңімпаздарын анықтады. Сарапшылардың шешімімен үшінші орынды заң факультеті иеленіп, 100 000 теңгелік сертификатқа ие болса, екінші орынға көтерілген философия және саясаттану факультетінің студенттері 100 000 теңгеге қол жеткізді. Ал бірінші орынға журналистика факультетінің студенттері жайғасып, 100 000 теңгеге ие болды. «Super students» телевизиялық таланттар байқауының бас жүлдесін және 300 000 теңгені физика-техникалық факультеті жеңіп алды. Сонымен қатар арнайы жүлделер табысталды. Байқаудың топтық кезеңінен бастап өнерімен көрермендерді баураған бес қатысушыға Қырғыз Республикасында орналасқан Ыстықкөлге жолдама (құны 100 мың теңге) берілді. Әнші Айгүл Адиханова физика-техникалық факультетінің студенті Жәнібек Сәбитбекке халықаралық әншілер байқауына жолдама сыйлады. Ал актриса Бақыт Әліпбаева журналистика факультетінің студенттеріне арнайы шеберлік сағатын өткізетін болды. Күйші Саят Ақбасов қазақтың қара домбырасын заң факультетінің білім алушы жастарына табыстады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры, байқаудың ұйымдастырушысы Қаншайым Байдәулет ән сайысында үздік өнер көрсеткен Нұрият Жаушыбайға ән жаздырып, жас биші Ақгүл Хайролға бейнебаян түсіріп беретінін жеткізді. Сонымен қатар заң факультетінің деканы Байділдинов Дәулет Лайықұлы мен физика-техникалық факультетінің деканы Бейсен Нұрзада Әбдібекқызы өз студенттеріне оқытушылар атынан 100 000 теңгелік сертификатты табыстады. Нәтижесінде байқаудың жалпы жүлде қоры 1 миллион теңгені құрады.

ҚазҰУ оқу орнының магистранты ретінде мен университетіміздің студенттеріне сапалы білім, сарқылмас зерттеушілік ізденіс, шабыт, шығармашылық табыс тілеймін!

ҚазҰУ 1-курс магистранты Кулынтаева Айман,  
ҚазҰУ PhD докторы А.А.Куйкабаева

## АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ

Бүгінгі таңда атом энергетикасы арқылы өндірілетін электр энергиясын әлемде 10%-ға жетті. Дүниежүзінің 32 елінде 427 реактор жұмыс істейді. Ал Қазақстанда алғашқы атом электр станциясын салу үшін алдын-ала қысқа тізім жасалды, оған 4 жоба кірді – Кореядан (KHNP), Қытайдан (CNNC), Ресейден ("Росатом") және Франциядан (EDF).Ranking.kz атом энергетикасының болашағы туралы талдау жасапты. Портал мәліметіне сәйкес, атом энергетикасын негізінен дамыған елдер пайдаланады. Олардың арасында АЭС арқылы электр энергиясын өндіру үлесі рекордтық 69%-ды құрайтын Франция көш басында. Бельгияда бұл көрсеткіш – 50,8%, Швецияда – 30,8%, Швейцарияда – 28,8%, Оңтүстік Кореяда – 28%, АҚШ-та – 19,6%, Ұлыбританияда – 14,8%, Канада – 14,3%. Ал реактор саны жағынан АҚШ бірінші орында – 92, Францияда – 56, Қытайда – 55, Жапонияда – 21, Канадада – 19 реактор бар. Атом электр энергиясын өндірудегі 2020 жылғы шағын "корона дағдарысын" есептегенде, саладағы қарқынды өсу динамикасы 2012 жылдан бері байқалады. Болашақта атом энергетикасы дамып, электрмен және энергиямен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады деген үміт бар. Өйткені қазіргі уақытта 18 елде жалпы қуаты 57,6 ГВт болатын 56 реактор салынып жатыр. Беларусь, БАӘ, Бангладеш және Түркия сияқты елдер өздерінің алғашқы атом электр станцияларын салуда. Тағы 5 ел (Сентония, Польша, Египет, Сауд Арабиясы және Өзбекстан) алғашқы атом электр станцияларын салу үшін қажетті инфрақұрылымды белсенді дайындау үстінде. Чехия, Болгария, Франция, Венгрия, Аргентина және Бразилия қосымша реакторлар салу жоспары туралы жариялады.

Теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы  
Зарипова Ю.А.  
Глуценко А.П., Джиенбеков Н.Э., Спасюк Р.Р;

## ФАРАБИ – ИСЛАМ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Философтың философия тарихындағы орны мен дәрежесін анықтауда алдымен қандай критерийлерді алға тартамыз?

Әрине Орта ғасырда өмір сүрген философтың айтқан ойларымен Жаңа замандағы философтың ойларын салыстыруға келмейді. Өйткені олардың негізгі тұжырымдарын түйіндейтін интеллектуалды ойлау жүйелері бір-бірінен әлдеқайда өзгеше болды. Соның ішінде Бэкон өзінен алдыңғы кезеңдердегі философияны қате деп санап, өз дүниетанымын жасауда ескі философиялық дәстүрлерді негізге алатын философтарға қарсы шықты. Сондықтан да ол ескі философиялық ойлау жүйесінен тәуелсіз жаңа философиялық принциптерге негізделген философия жасауға тырысты.

Сонымен қатар Жаңа және Қазіргі Заманғы Батыс философиясында субъективизм, объективизм сияқты философиялық тақырыптар көтеріліп жатыр. Дәстүрлі мұсылмандық философияда бұл тәрізді тақырыптар болған жоқ, ондай зерттеулердің қажеттілігі де шамалы болды.

Философтар кез-келген жағдайда барлық нәрседен оқшау болу керек. Фараби және сол сияқты ойшылдар философияны көптеген адамдардан алшақ ұстауды басты мақсат тұтқан сияқты.

Оның үміті ақталды. Фарабиден кейінгі философтар оның еңбектерін талқылауда ең басты назарларын маһасид бөліміне бөліп, өзінен бір жұмбақ ой, сыр іздеп, өзгеше түсіндіруге тырысты.

Біздің айтқымыз келгені орта ғасыр философиясы тек діни дүниетанымды жақтаушы емес, оның Құдайды ең соңғы негіз және әлемнің жалғыз әмірі деп санап, Құдайлық ақиқатты сынаушылар болғанын да мойындау қажет. Философтардың бұл мәселе жайлы айтқан ойларын есепке алмайтын болсақ, біз философияны діндегі Құдай ол – бәрі бас иетін әлемдердің әміршісі, ал философияның құдайы ол – ақылмен ойланылатын деген айырмашылыққа негізделетін құдайлық жарғы мен дәстүрді растаушы деп санауға болады.

Сондықтан да діннің тек қана теориялық тұсына мән беру мүмкін емес, бұл философия қатысты діндар болу сияқты, себебі философия мәні жағынан теориялық. Егер теориялық және практикалық мәдени зерттеулер өз нәтижесін бермесе өте өкінішті болар еді. Ислам философиясында осы нәтижелер толық болмады, соған сәйкес оның әсері де болмашы болды.

Егер жоғарыда айтылғандардан ежелгі грек философиясы дінді алғашқы орынға қойып, ежелгі грек даналығын дінді түсіндіру үшін ғана пайдаланды десек, бұл тақырыпты дұрыс түсінбегендік болар.

Теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушылары  
Зарипова Ю.А., Акмаева В.М., Батырхан Б.А., Ли Ю.Р

## «ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАН»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінде "Тәуелсіз елім - Қазақстан" атты ашық сабақ өтті.

Тәуелсіздік жолы оңай жол емес, бұл жолда сан мыңдаған адамның арманы мен тағдыры тәлкекке түсті. Біздің еліміз бүгінгі күнге сондай қиынқыстау, даңқты жолдардан өтіп келіп отыр. Сондықтан да, тәуелсіздігіміздің мәні өзгеше, бағасы теңдессіз. Ендеше тәуелсіздігіміздің тұғыры әрқашан биік болсын. Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын – қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар, Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Ал, 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады.

16 – желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті. Бұл күн - Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкілхалықтық мереке.

Тәуелсіздігімізді желтоқсанның жемісі дей аламыз ба?

Қазақстан өз тәуелсіздігіне ұзақ та, қиын-қыстау күрес жолдарынан өту арқылы қол жеткізді. Осы күресте 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының алатын орыны ерекше. Ол қазақтың қаншалықты қажыр-қайратты, төзімділігі бар екенін көрсетті. Қазақстан жоғары Кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз Республика деп жариялады.

Екі жүз жылдай патшалық Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам Кеңес үкіметінің бұғауында болған Қазақстан егемен ел болды. Біздің шырқап айтып жүрген әніміз бұл жай ел туралы ән емес, бұл біздің еліміз үшін ерекше, құдіретті, ең қасиетті, әрі әдемі ән. Бұл ән Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің бірі. Білетініміздей Қазақстан Республикасының үш мемлекеттік рәмізі бар. Ол Әнұран, Ту және Елтаңба. Жер шарында бар әр мемлекеттің өзіндік үш рәмізі болады. Әрбір мемлекеттің ғасырлық тарихына байланысты рәміздері бар.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне - Ту, Елтаңба, Гимн жатады. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу - әрбір азаматтың міндеті. Мемлекеттік рәміздерді біз қастерлеп сақтауымыз керек.

Бұл ашық сабағымызға шетелде оқып жүрген студенттерімізде қатысқан болатын. Олар: Жаркимбай Ақерке, Жаркимбай Жанерке, Шыналы Бағжан. Студенттеріміз шет елде Қазақстан туралы ой қалыптастырып, жақсы жақтарымен танытып жүр!

Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушылары  
Байжұманов Қ.Д., Зулбухарова Э.М. және магистрант Құлдыбаев Ә.М.

## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ЗЕРТТЕУ» МӘРТЕБЕСІ ЖАЙЛЫ

«Зерттеу университеті – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, бес жылға арналған даму бағдарламасын іске асыратын және білім мен ғылымды интеграциялау, жаңа ілім мен технологияларды жинақтау мен трансферттеу үшін өз қызметінің нәтижелерін пайдаланатын университет...» Бұл сөздер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27-шілдедегі №319 Заңының 21.6-тармақшасында жазылған.

25 шілде – Қазақ Ұлттық университеті үшін мерейлі күн. Бұл күн жалғыз ҚазҰУ ұжымы үшін емес, жалпы Қазақстанның ғылым мен білім саласы үшін атаулы мереке. Бұның себебі де зор. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25-шілдедегі №516 қаулысына сәйкес, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамына «Зерттеу университеті» мәртебесі берілді. Көп ұзамай бұл қуанышты жаңалықты оқытушылар мен студенттермен университеттің Баспасөз қызметі де бөлісті.

Әлемдік білім және ғылым кеңістігінде зерттеу университеттерінің алар орны ерекше. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көшбасшысы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті әлемдік дәрежедегі топ-университеттер қатарына еніп, рейтингі жоғары көтеріліп жатыр. Зерттеу университетінің дәстүрі тұңғыш америкалық академик Бенджамин Франклиннен бастау алады. Оның ойынша, ғылым мен білім үйлескенде ғана білім саласы қуатты әлеуетті күшке айналады. Сол Франклиннің өзі айтып кеткен «зерттеу университеті» концепциясы бүгінгі күні дамып, ғылым ордасы ретінде мемлекеттің бюджетіне құятын қаржылық ағынның басты көзіне айналды. Мысалы, қазіргі кезде зерттеу университеттерінің отаны АҚШ-та ең озық 100 университеттің зерттеу және білім беруден түсетін қаржысы жергілікті бюджеттердің 90 пайызына тең келеді. Демек, білім беру, зерттеу, ғылыми-зерттеу жүргізу, ол зерттеу нәтижесін практикада қолдану орасан пайда әкеледі деген сөз. Бұны көздейтін мемлекеттер өз тарапынан зерттеу университеттеріндегі ғылыми-зерттеу және әзірлемелік бастамаларға қолдау көрсетеді.

ҚР Ғылым және Жоғары Білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, Қазақстанда бірнеше жоғары оқу орындарын «зерттеу университеттеріне» трансформациялау жоспарланып отыр. «Зерттеудің экожүйесін қалыптастыру және алға жетелейтін технологияларды дамыту бойынша ЖОО-ын «зерттеу университетіне» көшіру жоспары іске асып жатыр. Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті зерттеу мәртебесін алды», – деп бөлісті министр.

«Зерттеу университеті» мәртебесі берілгелі Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған концепция талаптарына сай ғылым, бизнес және өндіріс интеграциясын ақырындап қамтамасыз етіп келе жатыр. ҚазҰУ бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға және оны әрі қарай коммерцияландыруға маманданған. Зерттеу университеті ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өсу шыңына, ғылымды қажет ететін экономиканың драйверіне және ғылыми-инновациялық жүйенің хабына айналып отыр.

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – әлем бойынша ең үздік 150 университеттің арасында Орталық Азиядағы, соның ішінде Қазақстандағы жалғыз жоғары оқу орны. Университеттің инфрақұрылымына 16 факультет пен 68 кафедра, 8 ғылыми-зерттеу институты және 29 ғылыми орталық, сондай-ақ 140-қа жуық ғылыми және оқу-зерттеу зертханалары кіреді. Студенттер, магистранттар мен докторанттар – білім алушылар контингенті 26 мыңды, ал оқытушы-профессорлар құрамы 2 мыңды құрайды. Оқытушылардың шамамен 35%-ы шет тілін меңгерген. Университет бүгінгі күні шетелден келетін студенттер үшін білім экспортының орталығы. Өзге мемлекеттен келген студенттер контингенті 70 есеге артқан: 2016 ж. – 33, 2021 ж. – 2400 студент.

Бүгінгі күні ҚазҰУ – ғылыми-инновациялық және білім беру қызметін тиімді жүзеге асыратын көп бейінді университет. Негізгі қаланғалы білім ордасы 80 жылдың ішінде білім мен ғылым, өндіріс, өнертапқыштық, ғылыми ашылулар тоғысқан аса ірі құрылымға айналды. Бұл ретте ҚазҰУ-ін зерттеу университеті ретінде Қазақстанның білім жүйесі үшін жаңа белес деп қарауға болады. Қазақ Ұлттық университетінің «зерттеу» мәртебесін алуы – еліміздің рухани өміріне, әлеуметтік жетілуіне, саяси ахуалына, экономикалық дамуына ықпал ететін болады.

**Айтжанов Бекзат Бауыржанович**  
Стандарттау және сертификаттау мамандығының I-курс магистранты  
**Сариева Айгүл Камзаевна**  
Педагогика ғылымдарының кандидаты  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

## ҚАЗҰУ – ҚАРА ШАҢҒЫРАҚ

Өр мемлекеттің болашағы өз жастарының қолында. Болашақта ел тізгінін ұстайтын азаматтар – бүгінгі жастар деп бекерден айтпайды. Расында, бүгінгі жас – ертеңгі елдің тірегі, келешектің келбеті емес пе?

Сол себепті олардың білімді, алғыр, бәсекеге қабілетті болып өсуі ел дамуындағы аса маңызды фактор. Сондай, болашақта елдің тізгінін мықтап ұстайтын, арман-мақсаттары айқын, бәсекеге қабілетті, білімді, келешектеріне нық қадамдар жасайтын, қазақ ұлтын шын сүйетін және ұлттық құндылықтарымызды көзінің қарашығындай сақтайтын жастар бүгінде ҚазҰУ шаңырағында білім алып жатыр. Себебі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан Республикасының ең үздік жоғары оқу орындарының бірі. Ұзақ уақыт бұрын салынғанына қарамастан, университет қазіргі таңда білгір болашақ мамандарды дайындауда көшбасшы болып келеді. Қазіргі таңда университет 37 мамандық бойынша кадрлар даярлайтын жоғары оқу орны және ғылыми-зерттеу орталығына айналды. Университет құрамында 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар, технопарк бар. Оқытушы-профессорлар құрамы 2500 мың адамнан асады, олардың арасында 400-ден аса ғылым докторы, профессорлар, 800-ден астам ғылым кандидаттары, доценттер бар.

Университетімізде дәстүрлі түрде «Жалын» бірінші курс таланттарын анықтау, «Студенттік көктем», КВН, «Ана тілі аруы-Жігіт сұлтаны» сияқты байқаулар жоғары деңгейде өткізіліп тұрады. Сондай-ақ, студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті белсенді түрде жұмыс істейді. Оның құрамына «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, студенттер Сенаты, «Көме» еріктілер қозғалысы, студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттердің ғылыми қоғамы кіреді. Қазіргі уақытта университеттегі барлық мерекелік іс-шаралар тікелей аталған ұйым жетекшілері мен жастардың қатысуымен өтеді.

Жас талапкерлер ҚазҰУ-ға келіп шынайы білім алып, әр түрлі қоғамдық жұмыстарға, қайырымдылық іс-шараларға қатысып еліміздің қарыштап дамуына өз үлесін қосып тиіс. ҚазҰУ-дан білім алып шыққан әрбір жас елімізді ілгерілетуге нық қадам басады. Тәлімді тәрбиемен ұштасқан білім алып жатқан «Қара шаңырағымыз» – ҚазҰУ нағыз мүмкіндіктер мекені!

**Амангельды А.А., Нусибақын А.Е., Мурзағалиева А.Г.**

## ҚАЗҰУ – МАҚТАНЫШЫМ!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті еліміздің білім және ғылым саласында маңызы жоғары, білім алушыларға орасан зор мүмкіндіктер беретін көрнекті оқу ордасы. 89 жылдық тарихы бар білім ордасы Қазақстан Республикасының ғылымы мен білімі, өркениетінің қалыптасып, дамыған кезеңдерінің куәгері. Айтулы тарихы бар орданың сапалы білім беретін еліміздің маңдайалды университеті екенін ҚазҰУдың әлемдік рейтингтерде үздіктердің арасынан бой көрсетуі айқындай алады.

Осындай маңызды оқиғалардың бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті алғаш рет «QS Asia University Rankings» халықаралық рейтингісіне қосылып, 2023 жылдың шығарылымында ең үздіктердің 6%-ның құрамында бой көрсетіп, 44 орынға ие болды. 2009 жылдан бастап жыл сайын жарияланатын бұл рейтинг Азияның ең үздік жоғары оқу орындарын анықтайды.

Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «QS Asia University Rankings 2023: Central Asia» халықаралық рейтингінде бірінші орынды иеленіп, Орталық Азия елдерінің ең үздік университеті болып танылды.

2023 жылы жарияланған бұл рейтинг 757 жоғары оқу орындарының іс-әрекетін бағалап, келесідей көрсеткіштерді пайдаланды: академиялық бедел (30%); жұмыс берушінің беделі (20%); оқытушылар мен студенттердің сандық қатынасы (10%); халықаралық зерттеу

желісі (10%); мақалаға дәйексөздер (10%) және оқытушылардың мақалалары (5%); докторлық дәрежесі бар қызметкерлер (5%); шетелдік оқытушылардың (2,5%) және шетелдік студенттердің үлесі (2,5%); алмасу бойынша келетін (2,5%) және алмасу бойынша шетелге кететін студенттердің (2,5%) үлесі. Осы көрсеткіштер үздік университеттерді объективті түрде бағалайды. Сондай-ақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия өңіріндегі «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингінде «бес жұлдызға» ие болған бірінші және жалғыз жоғары оқу орны болды.

Университетімізде көрсеткіштерді әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының халықаралық стандарттарына сәйкестендіру бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Осы жұмыстардың нәтижесін көрсететін жаһандық рейтингтердің қорытындылары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің барлық сала бойынша белсенді түрде ілгері қадам басып жатқанына дәлел бола алады және білім ордасының бәсекеге қабілетті екендігін растайды. Біз университетімізбен мақтанамыз!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филология факультетінің  
«Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының  
1-курс магистранттары  
Пернебек Алтынай, Сәрсенхан Жансая,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ф.ғ.к.,  
оқытушысы П.Т.Медетбекова**



Al-Farabi Kazakh National University

#44

In QS Asia University Rankings 2023



Al-Farabi Kazakh National University

#1

In QS Asia University Rankings 2023, Central Asia

## БІЛІКТІ МАМАН – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ұжымында ұстаздарға аса мән беріп, үлгі тұтып, ұлағат ету арқылы жастарға жан-жақты тәрбие беру - университеттің ғылыми-зерттеу университеті болып қалыптасу барысындағы маңызды ұстанымдардың бірі болып табылады.

Еліміздің жас дарынды мамандарын халыққа таныта білу, оларды дәріптеп докторант, магистрант және студенттердің өміріне үлгі ету - жастардың ғылымға деген қызығушылығын оятып, ұлттық білім мен ғылымның дамуына, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ тәрбиесіне үлкен үлесін қосады. Білікті әрі білімді ұстаздарымыз, студенттерге тұжырымдамалар мен теорияларды түсінуге көмектесе отырып, материалдарды бірнеше жолмен өте анық менгертеді, қиындықтар туындағанда шыдамдылық танытып, табысқа жетуге ғана емес, сонымен қатар сәтсіздіктерге де мүмкіндік береді, шәкірттерінің білімдерін дамытып, жастарға қамқорлық көрсетіп, креативті ойлау арқылы табысқа жетуге жетелейді. Ұстаздарымыздың терең білімі мен көпжылдық тәжірибесінен дәріс алу, жоғары адамгершілік қасиеттерінен үлгі алу - жалынды, саналы жас буын, біз үшін үлкен мақтаныш. Бұл біздің рухани-жігерімізді тәрбиелеп, ғылымға деген құштарлығымызды жетілдіреді түседі.

ҚазҰУ- еліміздің мәртебесін асқақтата білетін, халық мүддесін жоғары қоятын жастар легін тәрбиелеген және қазіргі уақыт шеңберінде тәрбиелеп келе жатқан, болашақта да тәрбиелей беретін дәрежесі жоғары білім ордасы. Мен өмірімдегі ең күрделі де, жауапты да қадам жасағанда осы университетті таңдауым дұрыс шешім екендігінің тағы да бір дәлелі осы.

**Жәми Б.А., PhD докторы,**

«Теориялық және ядролық физика» кафедрасының аға оқытушысы.

**Слямхан К.М.,**

«Теориялық және ядролық физика» кафедрасының 4 курс студенті.



## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ӘЛЕМДІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ШЕҢБЕРІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – Қазақстандағы жетекші жоғары оқу орындардың бірі, сондай-ақ әлемнің ең үздік ТОП-150 университеті тізіміндегі жалғыз қазақстандық білім ордасы. Әлемнің алдыңғы қатардағы заманауи білім беретін ЖОО-дармен терезесін теңестірген Қазақ Ұлттық университетінің ғылым және білім көрсеткіштері бойынша әлемдік рейтинг тізімдерінде жайғасымы жыл сайын жаңарып, тек алға қарай жылжып отырады. Мәселен, QS WUR (World University Rankings) жаһандық ТОП-200 рейтингінде білім ордасы бір жыл ішінде 25 позицияға жоғарылап, 175-орыннан 150-орынға көтерілді. QS by Subject-тің пәндік рейтингі бойынша университеттің білім беру бағдарламаларының 25 пайызы ТОП-500-ге кіреді. Осы сынды үлкен жетістіктердің бәрі Қазақ Ұлттық университетінің әлемдік университеттерден артық болмаса, кем еместігін білдіреді.

Білім ордасын дамытудың негізгі векторы – интернационалдандыру. Бүгінгі таңда университет 500-ден астам шетелдік жоғары оқу орындары және ғылыми орталықтармен ынтымақтастық орнатқан. Биыл 30-ға жуық өзге мемлекеттерден 100-ден астам шетелдік профессорлар мен ғылым қайраткерлері Қазақ Ұлттық университетінің қабырғасында дәріс оқыды. Қазіргі уақытта университеттің бірнеше оқытушылары мен қызметкерлері АҚШ, Еуропа, сондай-ақ Жапония мен Түркия университеттерінде тағылымдама өтіп жатыр.

Жаһандану дәуірінде халықаралық білім беру саясаты мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес білім беруді басқаруды дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда ҚазҰУ мақсаты – Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкес бірыңғай еуропалық білім беру кеңістігіне енгізу, бірлескен оқу бағдарламаларын құру және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы университетіміздің танымалдығын, бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Осы мақсатты іске асыру үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен байланысты нығайтуда. Олардың бірі – Бирмингем университеті, QS World Universities Rankings-тің нұсқасы бойынша 90-шы жылдардағы Ұлыбританиядағы ең үздік зерттеу университеттерінің бірі.

Биыл қазан айында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің қатысуымен «Әлемдік білім беру кеңістігіндегі трансұлттық өзара әрекеттестік» атты VI орталық азиялық

халықаралық форум өтті. Форум аясында білім беру жүйесінің жаһандық сын-қатерлері айтылып, білім беру саласындағы ынтымақтастық пен мәдени алмасудың маңызы ерекше аталып өтті. Бұл жобаны жүзеге асыру мақсатында университет қабырғасында жұмыстар басталып кетті. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Әбу Әли ибн Сина атындағы Тәжік Мемлекеттік Медицина университеті делегациясының сапары аясында екіжақты ынтымақтастықтың білім, ғылым және медицинаны дамыту бағыттары талқыланды.

ҚазҰУ 2014 жылдан бері Америка Кеңесімен ұзақ мерзімді ынтымақтастығын жоғалтқан емес. 2011 жылдан бастап Колумбия университетінің Жер институты және әлемнің 24 жетекші университетін біріктіретін ҚазҰУ-MDP/Global Classroom бірлескен бағдарламасы іске асырылуда.

Қазан айында Астана қаласында өткен Қазақстан – Катар инвестициялық форумы аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Катар университеті меморандумға қол қойып, екі университет арасында өзара түсіністік туралы келісімге қол жеткізілді. Сондай-ақ қараша айында Пенсильвания штаты университеті Құқық мектебі өкілдерімен кездесуі нәтижесінде бес жылдық мерзімге ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Қазіргі уақытта түркітілдес мемлекеттердің мемлекетаралық ынтымақтастығы артып келеді. ҚазҰУ бүгінге дейін Түркиядағы 20-дан астам жоғары оқу орнымен 31 ынтымақтастық келісім жасаған. Екіжақты келісімдер аясында соңғы екі жылдан бері ҚазҰУ-нің 200-ге жуық студенті мен 88 оқытушысы Түркиядағы университеттердің түрлі іс-шараларында болып, бірлескен ғылыми зерттеулерге қатысып жатыр.

Осылайша, әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен екіжақты келісімге келіп, біз тәжірибе жинай аламыз, университеттің танымалдығы мен беделін арттырып, студенттердің ой-өрісін кеңейтіп, олардың рухани, адами және мәдени капиталын байыта аламыз. Өзара тиімді қарым-қатынас орнату екі жоғары оқу орны арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтереді деп үміттенеміз.

**Сариева Айгүл Камзаевна**  
Педагогика ғылымдарының кандидаты  
**Тұяқбай Айжан Нурлыбекқызы**  
Стандарттау және сертификаттау мамандығының  
1-курс магистранты  
**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**

## WHAT MAKES ME HAPPY

Happiness is an emotional state characterized by feelings of joy, satisfaction, contentment, and fulfillment. The mood of each person is individual. For example, some people like listening to music, and some people hate it.

I've been watching movies about racing on since I was a little kid, and that's why I like cars. When I drive a car, I seem to forget about all the problems, happiness hormones and adrenaline are released which make me happier at the moment. On a summer evening, I like to wash the car in detail. That is vacuum cleaning, remove dust from the interior then remove stains from the car body with listening to music. I don't know about you but this process relaxes me very much and helps me to become happier and love life This is the first thing I like doing.

Secondly I like training alone with music. It gives me motivation to become stronger and look good. When you start to see the result, you don't notice how happy you have become.

Thirdly I like to spend time and go out with my best friend. When I together with him, I can do anything, because in any case he is only for me. We worked together last summer, and it was the happiest time for me. Then I like playing computer games with my friends. It's a completely different world. You forget about everything and enjoy only the game.

I will become the happiest person when my girlfriend is with me. Because she knows what kind of person I am, that I love, what I prefer. I adore walking with her and can be with her all day. We discuss different topics together and about plans for the future. I love shopping buying different things and trying on different clothes for myself. I think this is material happiness.

I love watching films and series on my free time. I'm so relaxed and fascinated when I watch new different movie stories.

I was so happy when I entered al Farabi Kazakh National University in the summer. All my family members were happy when they found out about it. In the eleventh grade, I chose this University. Because there are a lot of faculties here and the territory of KazNU is very large and very beautiful. And the level of education here is excellent. Now KazNU is among the top 150 best universities in the world. I am proud to study here.

Perhaps, these are enough things that make me happier and I forget about mobilography. I've been entered into this activity in the last summer. Shooting everything and editing videos make me happier.

I think everyone should do what makes them happy. After all, this is the meaning of life. No need to chase money, you just need to be happy.

**Seissengaliev Danislam 1year student FIT Faculty, KazNU**  
**Bekmasheva B.N. senior teacher of KazNU**

## РАҚМЕТ САҒАН, КИЕЛІ БАҚ ОРДА!

**ЕЛІМІЗДІҢ ДҮЛДҮЛДЕР МЕН БҮЛБҮЛДӘРІ,  
МЫҚТЫЛАРЫ МЕН ТАЛАНТТАРЫНЫҢ ҚАНАТТАРЫН  
ҚАТАЙТЫП, ҮЛКЕН ӨМІРГЕ БАҒЫТ ПЕН БАҒДАР БЕРГЕН  
КИЕЛІ ҚАРА ШАҢЫРАҚ – ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ. БҮЛ КИЕЛІ БАҚ  
ОРДАДАН БІЛІМ АЛҒАН ӨРЫР СТУДЕНТ УНИВЕРСИТЕТ  
АТЫН ЗОР МАҚТАНЫШПЕН АЙТЫП ЖҮРЕТІНІ АҚИҚАТ.  
ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЕЛІМІЗДІҢ ӨР САЛАСЫНДА ЕҢБЕК  
ЕТІП ЖҮРГЕН БІЛІМДІ ДЕ БІЛІКТІ МАМАН ОСЫ БІЗДІҢ  
БІЛІМ ОРДАМЫЗДЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ ЕКЕНІ АНЫҚ. БІЗ  
ОСЫ БАҚ ОРДАНЫҢ СТУДЕНТІ ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫСЫ  
БОЛҒАНЫМЫЗДЫ МАҚТАН ТҮТАМЫЗ.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алу, мықты маман болу менің бала күнгі арманым еді. Өр адам арманына қол жеткізу үшін тынбай еңбек етеді. Мен де еңбектендім. Еңбегім ақталып, осы қара шаңырақтың белді студенті атандым. Ендігі мақсат – 4 жыл алған білімім мен біліктілігімді барынша кеңінен пайдаланып, елімнің өркендеуі жолында қызмет ету. Бұл мақсатқа мен нық қадаммен аттайтыныма бек сенімдімін. Себебі менің ақылым да, білімім де, біліктілігім де жеткілікті. Қазақ Ұлттық университетінің қабырғасында өткен 4 жылда мен көп дүниені үйрендім. Оқытушыларымыз студенттерге ең бірінші адам ретінде ақыл-кеңестерін аямайтын. Адами қасиетті бар бойына жиған асыл да парасатты оқытушыларымыз бізді үлкен өмірге барынша дайындады. Жастарға білім беруде оқытушылар еш аянбады.

Арман қуып, ару қала Алматыға оқу-білім алу жолында еліміздің әр өңірінен келген жастарға барынша заман талабына сай білім беру – біздің парызымыз. Олардың болашақта білімді де білікті маман болып, еліміздің дамуы мен өркендеуі жолында еңбек етіп, тер төгулері үшін біздің оқу орнында барлық жағдай қарастырылған. Қазіргі таңда білім алып, болашаққа нық қадам басып келетін жастар саны артуда. Бұл үлкен мақтанш.

Тіпті уақыт жетпей қалса сабақтан тыс қажетті білімді алуымызға жағдай жасады. Былайша айтқанда «Өзінің уақытын аямай, өзгенің уақытын аялай» отырып, бізге қажетті дүниені меңгеруімізге бар жағдайды жасады. Біздің бағытымыз бен бағдарымызды айқындап, ғылымға барынша ден қоюымыз үшін қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етті. Оған университетте барлық жағдай қарастырылған. Оқытушыларымыздың берген білімі мен үшін алтыннан да қымбат.

Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы Бейсен Құранбек өз естелігінде: «Ар сақта! Намысты бол! Талаптан! Қарекет ет! Тәуекел ет! Уәдеге берік бол! Мәрт бол! Ақылға сал! Қайратты бол! Жүрегіңді жылыт! Біліміңді кеңейт! Өнерді үйрен! Мінезді бол! Еңбек ет! Ататегіңді біл! Ана тіліңді сүй! Арам мен адалды ажырат! Обалды ойла! Сауапты іс жаса! Салт-дәстүрді ұстан! Өнер-мәдениетті игер! Ата тарихтан ілім мен шабыт ал! Өзіңе, өзгелерге, айналаңа жақсылық жаса!» деп жазған.

Расымен де біз үнемі қарекет етіп, ізденіп, талпынып жүруіміз керек. Осы жолда жақсылық жасауды, алғыс айту-ды ұмытпауымыз қажет.

Өрбір адамның санасында студенттік жылдары мәңгі сақталып қалатыны анық. Қызықты да көңілді жылдар өрбір адам үшін сондай ыстық. Өсіресе осы қара шаңырақтан білім алған жастардың студенттік жылдары өзінше бір ерекше деп ойлаймын. Айналдырған 4 жылдың өзі көңілді, есте қаларлықтай қызықты өтуінің өзі киелі шаңырақтың берекесі іспеттес. Мен соңымнан ерген іні, сіңлілеріме ертең студенттік өмірдің бал дәуренін асқан қуанышпен еске алып айта алатыныма қуанамын. Олардың да дәл осы білім ордасында білім алғанын қалаймын.

Қалай десек те, Қазақ Ұлттық университеті – болашаққа нық қадам бастырар саналы ғұмырдың бір айғағы іспетті. Олай дейтін себебім, еліміздің басты оқу орны менің жаңа қырымнан танылуыма мүмкіндік туғызып қана қоймай, білім алуға деген потенциалымызды көтергендей болды. Сол себепті де дәл осы білім ордасында білім алу және еңбек ету өмірдегі ең үлкен жетістік деп білеміз!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультетінің**  
**4-курс студенті Камила Рахмуханова,**  
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
**Шығыстану факультетінің аға оқытушысы**  
**Гүлмира Қатбаева**

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен өткен Жоғары оқу орындары арасында білім беру бағдарламалары рейтингінің қорытындысының нәтижесінде ҚазҰУ әртүрлі мамандықтары бүгінгі таңда елімізде білімге деген құштарлығы мен ынтасының арқасында жүлделі орындарға қол жеткізді.

Әл-Фараби атындағы Қазақстан Ұлттық университеті бесінші жыл қатарынан өткізіліп жатқан «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырысы бойынша өткізіліп жатқан қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына жүргізілген бағалау нәтижесінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болды.

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті» деп Аристотель айтқандай, білім мен өнер біздің болашағымыздың жарқын болуына бірден-бір кепіл. Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақстан Ұлттық университеті қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің көшбасшысы болып табылатынын тағы бір мәрте дәлелдеді. Білім берудің жоғары сапасы, халықаралық деңгейде танылу, белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстары, инновациялар, ең мықты профессорлық-оқытушылық құрам – бүгінде университет мақтана алатын дәлелдеуін жалғастырып келеді.

Жоғары оқу орындары арасында білім беру бағдарламаларын бағалау рейтингінің 19 критерий

## «БІЛІМ АЛУДЫҢ ТАМЫРЫ АЩЫ, БІРАҚ ЖЕМІСІ ТӘТТІ»

бойынша өткізіледі. Олардың негізгілері: жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу, оқытушылардың сапасы, білім беру бағдарламаларының өзектілігі. «Өткен жылдары осы критерий бойынша көрсеткіштер айтарлықтай төмен болған. Көп университет нарық қажеттіліктеріне қарай рейтинг сарапшыларының ұсыныстарына сәйкес бағдарламаларға өзгерістер енгізді. Қазір жұмыс берушілердің бағдарламалар сапасына қанағаттануы 12,5%-ға өскенін байқаймыз. Мысалы, 2020 жылы өзектілік пайызы 52%, 2021 жылы – 55% және 2022 жылы – 67,5%-ды құрады», – деп атап өтті Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенова.

IAAR аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігімен берілген сертификаттармен марапатталды. Нақтылап кеткенде, 2022 жылды қорытындылай келе әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің D090-Физика докторантура білім

беру бағдарламаларының тобы бойынша 2022 жылғы IAAR рейтингісіне қатысушы жоғары оқу орындарының арасында 1-ші орын алды, B062-Электр техникасы және энергетика бакалавриат білім беру бағдарламаларының тобы бойынша, B076-Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша) бакалавриат, M130-Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша) магистратура және докторантура білім беру бағдарламаларының тобы бойынша 2022 жылғы IAAR рейтингісіне қатысушы жоғары оқу орындарының арасында 1-ші орынды иемденді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ұлттық рейтингінде үздік университеттерінің ішіндегі айқын көрінісі. Қазіргі таңда университетте 26 мыңға жуық студент оқитыны көпшілікке мәлім. Алдағы уақытта өзге мемлекеттерден ҚазҰУ-ға түсетін студенттер санын арттыру жоспарда бар. Басты міндет – біздің университетіміздің түлектерінің отандық және әлемдік нарықта бәсекеге жарамды

болуы. ҚазҰУ-дың жеткен жетістіктері мен алдағы жоспарларының аз еместігін тағы да дәлелдеді. Біздің университет өзінің ғылыми және білім беру қызметін табысты жалғастыруда. Тек ұлттық ауқымда ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде зияткерлік әлеуетін көрсетуде. Университет ғалымдары мен педагогтары отандық ғылымды дамытуға, студенттерге сапалы білім беруде өз үлестерін қосуда. Оқу ордасында жүздеген инновациялық жоба дайындалды. Бүгінде оларды ілгерілету және коммерцияландыру бағытында жұмыс жүргізілуде.

**Куйкабаева Айжан,  
Тойчина Баян,  
«Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасы**



## ПРОФЕССОР 75 ЖАСТА!

Ақпан айының 17-ші жұлдызында еңселі білім ордасында елеулі жиын өтті. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде профессор Шәркүл Таубаеваның 75 жылдық мерейтойының қарсаңында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогтардың зерттеу мәдениетін дамыту: тәжірибе және инновация» тақырыбы қозғалды. Шараға ғылым жолында үздіксіз қызмет атқарған ғалымдар, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Жиынға келген қонақтар алдымен мерейтой иесінің ғылыми еңбектері мен оқулықтары қойылған көрмені аралап, профессордың ғылыми-педагогикалық қызметіне арналған бейнетаспаны тамашалады.

Іс-шарада алғашқылардың бірі болып сөз алған философия және саясаттану факультетінің деканы Бекжан Мейірбаев мерейтой иесіне арналған ҚР оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен ҚазҰУ ректоры Жансейіт

Түймебаевтың құттықтау хаттарын табыстады. Пленарлық отырыс ҚР Парламенті Сенатының экс-депутаты, қоғам қайраткері Динар Нүкетаева, философия және саясаттану факультеті деканының орынбасары Әлия Өмірбекова және ғалымның әріптестері мен шәкірттері сөзімен жалғасын тапты.

Жиын барысында бірнеше баяндамашылар Шәркүл Таубаеваның педагогикалық зерттеулер әдіснамасын дамытуға қосқан елеулі үлесін ерекше атап, ғылым жолындағы еңбектерін елеусіз қалдырмады. Ғалым «Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы», «Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері» оқулықтарының, 300-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Шәркүл Таубаева – жалпы және нормативтік әдіснама, педагогикалық ғылым саласындағы ірі сарапшылардың бірі.

**Қуанышбаева Молдир Талғатқызы.,  
Қаласов Нүрдәулет Болатұлы**

## ЖІБЕК ЖОЛЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ ЖЕЛІСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Ақпан айының алғашқы күндері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев 8-ші Бас Ассамблея және Жібек жолы университеттері желісі (Silk Road Universities Network) Директорлар кеңесінің отырысына қатысып, ауқымды шараның куәсі болды. Бірнеше басшының басын қосқан жиын Дубай қаласындағы Канада университеті базасында ұйымдастырылды.

Жібек жолы университеттері желісі құрамына 28 мемлекеттің 81 жоғары оқу орны мен институты кіреді. 2015 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – осы ұйымның негізін қалаушы және SUN Директорлар кеңесінің белді мүшесіне айналды.

Атап өтейік, 2019 жылы 18-21 қыркүйек

аралығында Жібек жолы университеттері желісінің (SUN) 5-ші Бас Ассамблеясы Алматыдағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында өтті. Оған университет ректорлары мен проректорлары және SUN Бас хатшысы Донг Хуан Сан қатысып, шараның ұйымдастыруымен бөліскен болатын.

Биылғы сапар аясында ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев Бас хатшы Донг Хуан Сан мырзамен, Дубайдағы Канада университетінің президентімен бетпе-бет жүздесті. Сондай-ақ шараға қатысушы жоғары оқу орындары ынтымақтастықты одан әрі кеңейту үшін өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

**Садықбек А., Ермекбай Ж., Жауғашева С.А.**

## Қайыспас қара нардай бауырлар-ай!

*Суыт хабар саналарда дабылдап-ай,  
Үрей билеп күллі әлемді дамылдамай.  
Жойқын күш қабақ түйіп қарсы айрылып,  
Қас-қазымда қара жамылған бауырлар-ай.  
Естір құлақ, көрер көзге ауыр хәл-ай,  
Құлазды-ау сөгіліп қабыраң-ай.  
Айтып келмес апат пен дауылдар-ай,  
Рухын құлаттың-ау елдің талай.  
Көкбөріні еміп өскен түбірлес ең,  
Сірә да алаң емес ең дүмпуге сен.  
Жаңылдың ба әлдиңнен, Жер Ана,  
Тал бесікті тербетуге кетті ме есең?  
Сілкініс ошағының күші алас,  
Бәрі уақытша, қала көркі тоналмас.  
Әлемнің күші тазартар, көктер, гүлденер,  
Әтең-ай, әттең, бақилар қайта оралмас.  
Ат басын бұрып, бір кезде қазақ елінен,  
Қонақжай жұрттың ықыласына еніп ем.  
Суыңды ішіп, ауаңды жұтып, дәм татқам,  
Қарыздармын, ризамын сол үшін мен.  
Аманат елден арқалап айдын көлінен,  
Алтын көпір боп өлеңмен сәлем беріп ем.  
Тарих таңба басқан шежіре төрінде,  
Дн салып тағы, тамсанып-дағы келіп ем.  
Достық көңіл ақ көгершін ұшырғаным,  
Жанға демеу болсын жыр ұсынамын.  
Дініміз бір түркі елі, түбіміз бір,  
Іздесең жүрек жақын тұсындамын.  
Қолдауда сені элем қауымдары-ай,  
Бүр жарар гүл бақшаңыз әлі талай.  
Өліге - иман, тіріге - салауат боп,  
Жаппар ием жар болсын жарылқап-ай.  
Еңсенді көтеруге жырым кезде,  
Аман болсын қалған жұрт, қарт пен бала-ай.  
Ататүрік аманатын арқалаған,  
Қайыспас қара нардай бауырлар-ай.*

*Ліліл Тазабекқызы Төребекова*

## УНИВЕРСИТЕТІМ – МАҚТАНЫШЫМ

Бүгінде тәуелсіз елімізде еңсесі биік оқу орындарының бірегейі – Қазақ Ұлттық университеті әлемдегі өзіндік дара бітімі мен 90 жылға таяп қалған тарихы бар беделі жоғары оқу орны.

Қазақстан білімі мен ғылымының ірі орталығы, жоғары кәсіби, білім мен ғылымның инновациялық даму жолында ұлттық көшбасшысы болып саналатын – ол біздің әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

Осы киелі оқу ордасы кез келген сала бойынша білім мен оқуды жоғары деңгейде ілгерілетуді және өз күшін бүкіләлемдік стандартқа сай болатын нәтижелерді мақсат ете отырып жұмыс атқарады. Жоғары дәрежеде білім аруды мақсат ететін әр студент үшін университетте керемет мүмкіндіктер жасалынған. Университетіміз әртүрлі халықаралық профессорлар мен студенттерді тартуға, жаһандық мәселелер бойынша зерттеулер мен оқытуларды қолдауға, сондай-ақ түрлі шетелдермен және аймақты мекендерден академиялық байланыстар орнатуға тырысады.

Маселен, Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы – ҚазҰУ қалашығының сәні. Мұнда «Фараби сазы оркестрі», «әл-Фараби атындағы Арт-центр» сонымен қатар үлкен концерт залында университеттің ірі іс-шаралары мен жобалары іске асырылады. Университетіміздің тағы бір ерекшелігі ол – студенттердің тек дәрістер мен семинарларға қатысуымен шектелмейді. Сондай-ақ өздерінің балғын таланттарын шыңдай алатын жоба, клуб, театрлар, әртүрлі сайыстарға да белсене қатыса алады.

Қала ішіндегі «Казгурад» қалашығы деп аталып кеткен құтты мекенде студенттердің білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етілген оқу корпусы, заманауи үлгідегі жатақханалар, рухани азықтың қоры «әл-Фараби» кітапханасы, спорт кешені мен стадион, әскери кафедра, технопарк, медициналық орталық және студенттерге қызмет ету орталығы, сондай-ақ интернет желісімен де қамтамасыз етіп, платформаның жоғары деңгейде жұмыс жасауына тікелей ықпалын тигізіп, үлкен жауапкершілікті мойындарына алып отырған компьютерлік орталықтар студенттердің игілігі үшін қызмет жасауда. Қалашықтың кез келген нүктесінде әрбір студент университет бірлестігінің желісінде жұмыс істеумен қоса, интернетке тегін қосылу мүмкіндігіне ие, өйткені ҚазҰУ қалашығы Wi-Fi сымсыз желісімен де толықтай қамтылған.

Университетімізде салауатты өмір салтын денсаулық тіреушісі екені де ұмыт қалмаған. Сондықтан да студенттердің спортпен айналысуына барлық жағдайлар жасалынған, студенттер үшін көптеген спорттық секциялар ұйымдастырылған.

«Өнерпаз болсаң арқалан» дегендей студенттеріміз сабақтан тыс уақытта өздері қалаған әртүрлі ғылыми үйірмелер мен олимпиадаларға қатысып, ой-өрісін ұштап, қабілеттері мен білімдерін шыңдайды.

Жоғары білімді маман даярлауға арналған еліміздегі ерекше оқу орны, білім мен ғылымның киелі шаңырағы – Қазақ Ұлттық әл-Фараби университетінде 40-тан астам мамандық бойынша білім беретін шетел тілі кафедрасында 30 жылдан астам уақыт аянбай еңбек еткен аға ұстаздарымыздан бастап, осы университеттен білім алып, осы университетте еңбек жолын бастап, шыңдалып келе жатқан ұстаздарымыз студенттерге заман талабына сай білім беріп жатыр.

Ұстаздарымыз студенттерге тек білім берумен шектелмей, ғылыми зерттеу жұмыстарын да қатар алып жүреді. Студенттерге бағыт-бағдар бере отырып, өз жетекшіліктерімен, жыл сайын импакт-факторлы журналдары мен ҚКСОН журналдарына және университет тарапынан өткізілетін түрлі халықаралық, республикалық конференцияларға мақала жазуды әсте естен шығарған емес.

ҚазҰУ талантты да, дарынды студенттердің басын біріктіретін, алғаш келген бозбаланың жан-жақты дамуына ықпал етіп, оның болашағына үлкен үміт сыйлайтын, ертеңгі күнінің басқан қадамы нық болатынына сенім ұялататын, сыйластық пен шынайы достықтың мекені.

Осындай киелі білім ордасында жұмыс жасайтынымызды әрдайым мақтан тұтамыз және болашаққа нық сеніммен қарай аламыз.

**ҚазҰУ, Филология факультеті, Шет тілдері кафедрасының аға оқытушылары А.Оразбаева, Г.А.Гайипова**

## ҒЫЛЫМДЫ СЕРІК ЕТКЕН НӘЗІК ЖАНДЫЛАР

Ақпан айының 11-ші жұлдызы – Ғылымды серік еткен әйелдердің халықаралық күні. Мұндай атаулы күнді БҰҰ Бас Ассамблеясы бекіткен. Мерекенің негізгі мақсаты – әйелдер қауымының ғылымға толық қол жеткізуіне және ғылыми-зерттеу жұмыстарына кеңінен қолдау көрсету болып табылады. Күні бүгінге дейін елімізде әйел осы бағытта жүрген зерттеушілердің үлесі 50 пайыздан асады.

Ал Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымында әйелдер қауымы оқытушы-профессорлық құрамның жартысынан көп бөлігін, яғни, 64 пайызын құрап отыр. Жоғары оқу орнында нәзік жанды ғалымдардың сүйікті ісімен айналысуына барлық қолайлы жағдай жасалғанын жар салып айтуға болады.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев билікке келген сәтінен бастап жаңа Қазақстан, әділетті қоғам орнатып,

білімді ұрпақ тәрбиелеуде ең алдымен дәл ғылым саласын дамыту қажеттігіне айрықша басымдық беріп келді. Отбасы мен ғылымдағы ізденістерін қатар алып жүретін әйел ғалымдар көрсетілген мүмкіндіктерді толық пайдаланып, зор табысқа жетіп келеді. Осы күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ нәзік жандыларды мерекесімен құттықтады: «Бүгінгі айтулы күні көшбасшы университетіміздің ғалым ханымдарына мықты денсаулық, отбасыларына бақ-береке, жақындарына амандық тілеймін!».

Ғылымды серік еткен барша нәзік жандылардың қатары күн санап арта берсін. Даму жолында жүрген ғалымдарға мол шабыт пен қажымас қайрат тілейміз!

**Әшірова Г., Нұртілеуова М., Шегеева Д., Хабыл Н.**

## ӘЛ-ФАРАБИ ДОКТОРАНТТАРЫ ЛОНДОНДА

Ақпан айының басында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы, Ректоры Жансейіт Түймебаев Лондонға жұмыс сапарымен ұшып барды. Кезекті іс-сапар аясында оқу орнының басшысы King's College London колледжінде оқитын ҚазҰУ докторанттарымен жүздесті.

Кездесу барысында биология және биотехнология факультетінің 3-курс докторанттары Б.Гениевская мен М.Ермағамбетова Норвич қаласындағы Джон Иннес орталығында өтіп жатқан оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы баяндама жасап, ғылыми еңбектермен бөлісті.

Докторанттар білім алып жатқан Лондон корольдік колледжі – Англиядағы ең ірі және беделді университеттердің бірегейі. Ол 1829 жылы құрылды. 19 ғасырдан бері әлемдегі білім беру және ғылыми қызмет

саласындағы жетекші университеттердің бірі ретінде танылды. Бүгінде аталмыш жоғарғы оқу орны студенттер саны бойынша Ұлыбританияда 12-орынды иеленіп отыр.

Жылы жүздесудің аясында Жансейіт Түймебаев докторанттардың Кингс колледжіндегі оқу және тұрмыс жағдайларына қанық болды. Университет басшысы білім алушыларға арнаған сөзінде ҚазҰУ әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне ене отырып, жоғары білікті әрі бәсекеге толық қабілетті мамандар даярлап шығаруы тиіс екеніне ерекше назар аударды. Ол үшін жоғары оқу орны барлық жағдайлар мен мүмкіндіктерді жасауда. ҚазҰУ білім алушылары оны дұрыс пайдалануы және өз елінің өркендеуі үшін барлық күш-жігерін жұмсауы қажет екенін атап өтті.

**Турдыбаева Ж.А., Сражова А.Е., Мукашева С.Н., Тоқтарбай С.**



## «SUPER-STUDENTS»

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің физика-техникалық факультетінде кез келген биіктерді бағындыруға деген талпыныс оттары бар жастар тәрбиеленіп келеді! Олай дейтін себебіміз, жуырда Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында «Super-students» атты факультетаралық байқауының финалы өтті. Финалда Физика-техникалық факультеті бас жүлде жеңіп алды!

2023 жылдың ақпан айының 3-ші жұлдызы күні ең алғаш рет білім ордамызда ақпарат және коммуникация департаменті, ректорымыз Ж.Қ.Түймебаев бастамасы бойынша ҚазҰУ ішілік, факультетаралық телевизиялық жоба «Super-students» жұбасы ұйымдастырылды. Жобада 16 факультеттің студенттері өз өнерімен көпшілікті қайран қалдырды. Қатысушы факультеттердің ішінен 4 факультет финалға жетті. Олар: физика-техникалық факультеті, журналистика факультеті, заң факультеті, философия және политология факультеті. Жарыс үш сайыстан

тұрды: ән, би, еркін өнер. Факультетіміздің атымыздан ән сайысы бойынша өзінің қоңыр үнімен көрермендерді тәнті еткен Сәбитбек Жәнібек жылу энергетика мамандығының 4-курс студенті. Би сайысы бойынша 25 бишіден тұратын «Phys-gang» командасының жетекшісі Мейрашева Зарина би өнерінің әсемділігінің мағынасын ашып берді. Еркін өнер бойынша Тугельбаев Самат Шәмшінің рөлін сомдап, «Ана туралы жыр» әнін шырқады. Ал оның анасының рөлін факультетіміздің көрікті оқытушысы Сызғанбаева Сәуле ханым сомдады.

Факультетіміздің еншісіндегі жүлделері:

- БАС ЖҮЛДЕ «Super Students»
- 300.000 жұлделік қор
- Кубок
- 100.000 факультет деканы Бейсен Нұрзада Әбдібекқызы өз қолымен табыстады.
- Мейрашева Зарина: «Үздік өнер көрсеткені үшін» мадақтама,

және Ыстықкөлге жолдама және Centercredit банкінен арнайы сый алды.

- Сәбитбек Жәнібек халықаралық ән байқауына жолдама алды.

Қорытындылай келе, физика-техникалық факультеті өзге факультеттерге ең талантты студенттер жиналғанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Студенттік өмір тек оқумен ғана емес, сан алуан қызықтарға толы болуы тиіс. Осы кезеңде студенттер өздерінің таланттары мен қабілеттерін дамытады, көптеген жаңа нәрселерді үйренеді, университет пен қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысады. Бүгінгі күн – ертеңгі күнгі тарих. Әр күнімізді есте қаларлықтай, кейін қуанышпен еске алатындай өткізуге тырысайық, студенттер!

**Э.М.Зульбухарова, К.Д.Байжуманов**  
Физика-техникалық факультетінің аға оқытушылары  
**А.Н.Абылайханов**  
I-курс магистранты

Студенттік өмір жарқын естеліктермен, қызықты сәттерімен есте қалуы керек. Тек университетте ғана осы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге болады. Жақсы достардың ортасы, ұмытылмас ашылулар, ғажайып сәттер – бұл студенттік өмірді суреттейді. «Өнер – өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» демекші университетімізде тек білім және ғылым бағытында ғана емес, тәрбие үрдісінде өнерге аса көңіл аударылып жатыр. Осы бағытта көш бастайтын – ҚазҰУ жастары!



АЛМАСБЕК

## Мубарәк

Йеңи жыл мубарәк, жанижан Хәлқим!  
Қут сөйүп, Қутатсун түмән таңлириң.  
Хантәңри тимсали йүксәлгин һәр күн,  
Әршигә улашсун шәрәп-шанлириң.

Түңлүктин тәлмүрсун саһавәтлик Ай,  
Жәңгивар әждадиң Роһи яр-сирдаш.  
Қәлбиңниң қәсридин елип Зуһра жай,  
Төрүңдә олтурсун нурәпшан Қуяш.

Яр болсун һәр ишта Хизир пәйғәмбәр,  
Сән маңған мәнзилдин гүл үнсун дайим.  
Әмгигиң әжридин яшнап Ана-йәр,  
Йүксәктин көрүнсун нурлуқ чирайиң.

Талмисун билигиң, қадақ қоллириң,  
Сап алтун тәриңдин тикләнсун тәхтиң.  
Улуғвар нишанға йетип йоллириң,  
Та Әрши-әлада ечилсун бәхтиң.

Адаләт қуялсун нийәтлириңдин,  
Нур билән паклансун етиқат-иман.  
Адемзат сөйүнүп тиләклириңдин,  
Көңлүңдин су ичсун тәшна һәр инсан.

Саңа хас өзәлдин илимпәрвәрлик,  
Алтун яруқ болуп пүтүлгән қисмәт.  
Хақанлар пушисән - мәнсүп сәрвәрлик,  
Илаһий жисмиңда түмән миң хисләт.

Алқип өт тәләйниң қушлирин һәр дәм,  
Тоққузуң тәл болсун, яр болсун амәт.  
Яшигин мәрданә, бәрдем бол, бәрдем,  
Егилмәс һәр анә тағ кәби қамәт.

Қадирсән һәммини қилмаққа мөвжүт,  
Юлтузлар түркүми саңа гүлдәстә.  
Қәдирдан қазақниң қойни тилсим қут,  
Каинат зоқлинип, баққай һәвәстә.

Өзәлдин тәғдирдаш, ежил тамирлас,  
Шатлиқ һәм қайғуда биллә һәр дайим.  
Муруввәт - униңдин, мәртлик саңа - хас,  
Мәңгүлүк достлуқни бәрсун Худайим.

Йеңи жыл мубарәк, жанижан Хәлқим!

27.12.2022 ж.  
Алмута.

## Роһи бәрһаят

Оттуз үч йешида һәрбий ишлар назарити-  
ниң назари болған Усманли түрк хәлқиниң  
мунәввәр пәрзәнди туггенерал (контрадми-  
рал) Әнвәр Паша (1880-1922-жиллар) «Иттиһат  
вә Тәрәққий» партияси тәқипләнгәч, ал-  
дин Одесса, Батуми, Баку шәһәрлиридә бо-  
луп, аңдин Бухараға өткән. Бу йәрдә йәрлик  
аһалини йәни түркий хәлиқләрни большевизм  
асаритидин қутулдурушни өзиниң муқәддәс  
бурчи билгән Әнвәр Паша йәрлик пидайлар  
билән басқунчиларға қарши шиддәтлик жәңгә  
кирип, 1922- жили 4-август күни оққа учуп,  
кәһриманларчә һәлак болиду...



Әң рошән, әң нурлуқ дегән сөз - Әнвәр,  
Самадин чүшкән бу илаһий бир нам.  
Хорланған улусқа, болсун дәп сәрвәр,  
Түркийгә Алладин етилгән инһам.

Яралған вужуди нурдин-зиядин,  
Диллардин-дилларға көчкән нурлуқ шам.  
Ақил әр ғәпләттә өтмәс дунядин,  
Әл үчүн жанпида болмақ аңа шан.

У билгән рәқип ким, садиқ достлар ким,  
Немә у - һурийәт, немә - асарәт.  
Әсирән зулмәткә, зади, хуштар ким?  
Ойғанмас вә нечүн Миллий жасарәт!

У көргән - қәдди дал қәдимки Туран,  
Жәһәннәм азавин көрүп өртәнгән.  
Унтулған Оғузхан, Көкбәри уран,  
Сәлтәнәт таж-тәхтин явуз чүмкәргән.

У билгән - хаинлар дәстидин милләт -  
Мискину бечарә, кәлгүндигә хар.  
Әвжигә өрлигәч мәнқуслуқ илләт,  
Вә, һәтта, тәбиәт таңға интизар...

Шу сәвәп: атланди муқәддәс жәңгә,  
Тилиги - Туранға парлақ истиқбал.  
Ниһатлиқ бир юлтуз болуп Вәтәнәгә,  
Қазанмақ арзуси - нурлуқ Истиқлал!

Шу сәвәп: чиқти у мисли от болуп,  
Арзуси – Әл үчүн һур, азат заман.  
Шум әжәл, аһ! Аңа тәғди оқ болуп,  
Ат сүргән әснада явуз яв таман.

Белживан вадиси жутти отнәләс,  
Бағриға қуялған чағда кутлуқ қан.  
Мәрдликкә хас өлүм – мәңгү муқәддәс,  
«Аһ! Туран!» дедию Әнвәр үзди жан.

Истамбул асмани тутунди матәм,  
Һәсрәттин хурсинди өзим Бухара.  
Әл сөйгән Әр үчүн өлүм йоқ, затән,  
Әнвәр Паша роһи тирик әл ара,

Түркийләр дилида яшар та Әбәд!

2023-ж. 19-январь,  
Алмута.

## Әнвәр пашаниң ахирқи мәктуби

(Үзүндиләр)

Сөйүмлүк Нәжибә.

Сөйүмлүк Нәжибә.

Сән язған кейинки мәктубни алдим. Уни дайимән көксүмдә көтирип жүримән. Сениң сөйүмлүк, татлик йүзүңни һазир көрмәклик имкансиз болсиму, ушбу мәктубтики сөз вә сәтирләрни әшу гәзәл бармақлириң қандақ тизғанлиғини тәсәввур етимән. Ахир, улар бир чағларда мениң чачлиримни таригән назук бармақлар әмәсму? Әнди мән сениңдин бәкму жирақларда - бир қан вә атәш дәриясида кәһриманларчә күрәшмәктимән. Бу болса сениң ғәмкин қәлбиңни әзмәктидур.

- Сән билисәнки, мән тоғрисида төһмәт тәшвиқатлирини тарқитип жүрүшкән бәдбәхт кимләрниңдур дәва қилишқанлиридәк, мән бу жирақ диярларда мал-дуня издәп, бай болмақ яки өз һакимийитини қурмақ үчүн кәлгиним йоқ. Мени сениңдин узақлаштуруп, бу жайларға кәлтүргән Жәнаби һәқниң зиммәмгә жүклигән муқәддәс бир вәзиписидур.

Бу - Жәһад вәзиписи ерур. У шундақ бир улуғ ишдурки, уни, һәтта, сиддиқ билән нийәт қилғанлар Илаһий жәннәткә кирмәк һоқуқини елишиду. Аллаһқа һәмид олғайким, мән әйни мәнәсида жиһад қилурмән. һәр нечүк сәндиң айрилип яшимақ, сениң сөйгүңдин хурсәнт көңлүмни вәйран әйлимәк болсиму, ушбу йолда бүйүк бир имтиһан бәрмәктин бәкму бәхтиярмән.

Бу пани дунядики ишлар ичидә Сениң ишқиндин өзгә мениң ирадәмни сундуридиған һеч нәрсә йоқтур. Пәқәт вә пәқәтла, Тәңригә шүкүрләр болсунки, униң әмрини бәжа кәлтүрүштә, саңа болған сөйгүмгә боюн әгмидим. Буниндин сәнму алаһидә бир саадәт, хушбәхтлик һиссини туйғайсән. һаятта шундақ бир арқадашиң барки, униң саңа болған ишқини Аллаһ ишқига пида етәжәк қәдәр қудрәтлик имани бардур.

Нәжибәм! Гәрчә аялларға қилич тутуп, жиһадқа чиқмақ пәриз етилмигән болсиму, улар өзлирини бу илаһий бурчтин азад тутуш-мас. Сениң жиһад әтмигиң болса, дуняниң өткүнчи арзу-һәвәслиридин йүз өрүп, Аллаһқа илтижа қилмақ вә уни сөймәктур...

(«Узбегим» мәжмуәси, Ташкәнт - 1992, 71-сәһипидин)

Илавә:

Әнвәр Пашаниң рәпиқиси Наһия султан Османли империяси падишалыридин ахирқи Абдулмәжид - 2 (сәлтәнити 1922 - 24- жиллар; Хәлифә унванида)ниң нәврисидур. Демәк, Әнвәр Паша Османлилар сулалисиға дамаат йәни қуйоғул болған. Ушбу өйлүктин: Тур-кан Маятепек, Маһпәйкәр Үргүп атлиқ қизлар вә Әли Әнвәр Ақоғли атлиқ бир оғул дуняға кәлгән...



«Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына... Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дәнді де ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі».

Ыбырай Жақаев

# «ПЛАНЕТАДАҒЫ ТІРШІЛІКТІ ҚОРҒАУ ҮШІН БҮКІЛ АДАМЗАТТЫҢ БІРІГҮІ ҚАЖЕТ»

Экологиялық келелі мәселелер адамзат дамуының барлық тарихи кезеңдерінде орын алып отырды. Бірақ, өндірістік қоғам мен демографиялық қарқынды даму кезеңінде адамзаттың табиғатқа теріс әсерінің нәтижелері ғаламдық сипатқа ие болды. Экологиялық мәселенің мәні-табиғаттағы қалыптасқан тепе-теңдікті бұзбай, миллиардтаған адамдардың барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ету. Биосфераны қорғау мен сақтап қалу басты мәселе болып отыр. Экологиялық мәселелердің алдын алу үшін адам ретсіз дамудан тиімді, реттелген, табиғат пен қоғамның даму заңдарына негізделген дамуға өтуі тиіс. Тек осы кезде ғана адамзат қоғамының дамуы үздіксіз, ұзақ мерзімді, бірқалыпты жағдайда, табиғи және әлеуметтік дағдарыссыз дамиды. Мұндай дамуды – тұрақты даму деп атайды. Бірақ бұл үшін адамдардың сана-сезімі, олардың мақсаты мен адамгершілік бағыттылығы өзгеруі тиіс.

Планетадағы тіршілікті қорғау үшін бүкіл адамзаттың бірігуі қажет.

1987жылы БҰҰ-ның Дүниежүзілік қоршаған орта мен даму комиссиясы «Біздің жалпы болашағымыз» атты есебінде «қоршаған орта үшін қауіпсіз, жолда экономикалық дәуірге» аяқ басуға шақырды. Алғаш рет «тұрақты даму» концепциясы ұсынылды. «Тұрақты даму» - қазіргі уақыттың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, болашақ ұрпақтардың өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне қауіп туғызбайтын даму. «Біз ата-бабаларымыздың Жерін мұраға алған жоқпыз. Біз оны өзіміздің балаларымыздан қарызға алдық» (БҰҰ материалынан).

1992 жылдың маусым айында Рио-де-Жанейро қаласында өткен БҰҰ-ның қоршаған орта мен даму бойынша өткен конференциясы «Тұрақты даму» концепциясын және «XXI ғасырдың күн тәртібіне» атты ауқымды бағдарламасын қабылдады. Бұл бағдарламада шешілуі болашақта тұрақты дамуды

қамтамасыз ететін жалпы мәселелер қарастырылған. ТДМ-2030 1)азаматтардың өмір сапасын арттыруға, 2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына, 3) экологиялық тұрақтылығына бағытталған 2030 жылға дейінгі мақсаттар мен индикаторлардың кешенді жинағы болып табылады. ТДМ 2030 жылға дейін жетуге тиіс 17 мақсаттан, сондай-ақ, оларға байланысты 169 міндеттерден және 242 индикатордан тұрады.

ТДМ үш компонентті біріктіру арқылы тұрақты дамуға жетуіне жәрдемдесуге тиіс:

- 1) экономикалық,
- 2) әлеуметтік
- 3) экологиялық.

Тұрақты дамудың үш компонентері арасындағы тығыз өзара байланыстың болуы климаттық өзгерістердің маңызды салдарлары және шектелген табиғи ресурстарды сақтау және "жасыл" экономикаға ауысу қажеттілігі айқын болған қазіргі жағдайда ерекше өзектілікке ие болады 2030 жылға дейін тұрақты даму мақсаттары:

- 1-мақсат. Барлық жерде барлық түрлердегі кедейлікті кедейлікті жою.
- 2-мақсат. Ашаршылықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу.
- 3-мақсат. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлығына кез келген жаста сау болуына ықпал ету.
- 4-мақсат. Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді және өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз ету
- 5-мақсат. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту.
- 6-мақсат. Барлығы үшін су ресурстарының бо-

луын және оларды тиімді пайдалану мен санитарияны қамтамасыз ету.

7-мақсат. Барлығы үшін қымбат емес, сенімді, берік және заманауи энергия көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету.

8-мақсат. Ілгерілемелі, барлығын қамтитын және тұрақты экономикалық өсімге, баршаның толық және өнімді жұмыспен қамтылуына және лайықты жұмысына жәрдемдесу.

9-мақсат. Тұрақты инфрақұрылымды жасау, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыруға және инновацияларға жәрдемдесу.

10-мақсат. Елдер ішіндегі және олар арасындағы теңсіздікті қысқарту.

11-мақсат. Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өмірге төзімділігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

12-мақсат. Тұтыну мен өндірудің оңтайлы модельдеріне көшуді қамтамасыз ету.

13-мақсат. Климаттың өзгеруіне және оны салдарларына қарсы күрес бойынша жедел шараларды қолдану.

14-мақсат. Мухиттерді, теңіздерді және теңіз ресурстарын тұрақты даму мүдделерінде сақтау және ұтымды пайдалану.

15-мақсат. Құрлықтың экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және оларды оңтайлы пайдалануға жәрдемдесу, орманды оңтайлы пайдалану, шөлге айналуға қарсы күрес, жердің тозуы үдерісін тоқтату және кері бұру және биологиялық алуан түрліліктен айырылу үдерісін тоқтату.

16-мақсат. Тұрақты даму мақсатында бейбітшіл және ашық қоғамды құруға жәрдемдесу, барлығына арналған сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және бұқараның қатысуына негізделген мекемелерді құру.

17-мақсат. Тұрақты даму мақсатындағы

Жаһандық әріптестік шеңберінде жүзеге асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру.

Біздің елімізде жоғарыда аталған әр мақсатқа жету жолында жұмыстар атқарылып жатыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің www.kaznu.kz Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы жоғарыдағы аталған бірнеше мәселелермен айналысады. Жоғары білікті мамандарды дайындау мақсатында олардың білімділігін, іздемпаздығын, жан-жақтылығын дамыту үшін елімізден және шетелдік әріптестерімізден берер тағылымы мол тұлғаларды шақырып көшбасшылық дәрістер ұйымдастырып отырады. Соның бірі Болгарияның София қаласындағы Химиялық технология және металлургия университетінің машина жасау және машина бөлшектері кафедрасының, Ішкі істер министрлігі академиясының Өрт қауіпсіздігі және халықты қорғау факультетінің профессоры Димитър Караиванов «Машина элементтерін жобалауға қойылатын талаптар және ТДМ 9 қамтамасыз ету мақсатында оларды қарастыру. Инфрақұрылымды дамыту, инновация» атты көшбасшылық дәріс өткізді. Бұл дәрісте ТДМ 9-мақсатында аталған 2030 жылға қарай жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің қатысуымен инфрақұрылымды жетілдіру және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру мен таза әрі экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процесс неғұрлым кең пайдалану есебінен кәсіпорындарды орнықты етіп қайта жабдықтау мәселелері туралы айтылады.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО» кафедрасының қауымдасқан профессорлары, т.ғ.к. Қожанхан А. К., б.ғ.к. Бергенева Н.С.

PhD, аға оқытушы Камелхан Гүлсар

## ҚАЗҰУ-дан ТҮРКИЯҒА КӨМЕК

Бауырлас Түркия мемлекетіндегі зілзала талай жанды қаймықтырғаны жасырын емес. Мыңдаған үйлер опат болып, қаншама адам үйінді астында көз жұмды. Табиға апаттың кесірінен туристік мемлекеттің бірнеше қалалары жермен-жексен болды. Ең өкініштісі, адам шығынының күн санап өсуі. Осындай қиын-қыстау шақта біздің мемлекетіміз түрік азаматтарына көмек қолын созуда. Бүгінде елімізден арнайы құтқарушылар тобы, 120 киіз үй, 55 тонна гуманитарлық көмек жөнелтілді.

Әлем назар аударған зілзалада Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де қарап қалған жоқ. ЖОО оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері табиғи апат болған сәтте біркүндік жалақысын аударды.

Бір ғасырға жуық тарихы бар оқу ордасының ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен жиналған қаражат 40 млн теңгені құрады.

Сонымен қатар, көшбасшы университет оқу орнының ішінен арнайы гуманитарлық көмек жинау орталығын ашты. Жәрдем қабылдау бөлімшесінде университет еріктілерінің қолдауымен киіз үйлер, көрпе-жастықтар, қалың төсеніштер, ересектер мен балалар киімдері жиналды. Жиналған заттар арнайы рейспен жөнелтілді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері: Қартбаева А.А., Сансызбай Б.М.

## ЖАПОНИЯЛЫҚ СТУДЕНТТЕР ҚАЗҰУ-ДА

90 жылдық тарихы бар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім жүйесіне басты назар аударылған. Түрлі ұлт-өкілдерінің басын қосқан қара шаңырақта Жапониялық студенттер де білім алу-да. «Аймақтану. Орталық Азияның саясаты, экономикасы және мәдениеті» атты қысқы мектебінде орыс тілін үйреніп жатқан шетелдік білім алушыларға университет басшылығы кездесу өткізді.

«Аймақтану. Орталық Азияның саясаты, экономикасы және мәдениеті» атты әр жыл сайынғы қысқы мектеп биыл ҚазҰУ-да София университетімен және Токио шет тілдер университетімен жасалған келісім аясында ұйымдастырылып келеді. Бір айдың ішінде Жапонияның екі жоғары оқу орнынан арнайы келген 30 студент Қазақстанның мәдениетімен және дәстүрлерімен толығырақ танысып, қазақ өміріне қанық болады.

Жылы жүздесу Әл-Фараби кітапханасында Басқарма мүшесі – операциялық қызмет жөніндегі проректор Әсел Уәлиева мен Басқарма мүшесі – әлеуметтік даму жөніндегі проректор Нұржан Айдосов бастауымен еркін форматта өтіп, тәлімгерлер мен студент-

тер пікір алмасты. Кездесу барысында Әсел Бекболатқызы білім ордасының жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы баяндап, студенттерге университет өмірін таныстырды. Сонымен қатар, проректор ҚазҰУ-дың Жапонияның жоғары оқу орындарымен ұзақ уақыт бойы әріптестік аясында жұмыс жүргізіп келе жатқанына тоқталып, студенттерге алдағы уақытқа сәттілік тіледі.

Еркін форматта өткен кездесу барысында қонақтарымыз ұлттық тағамдарымызбен танысып, табиғатымен баурап алған Қазақстан туралы ерекше әсерде екенін жеткізді. Қазақстанға алғаш келіп отырған жапондықтар үшін біздің елдің қонақжайлылығы мен студенттер арасында қалыптасқан жоғары мәдениет таңсық болғанын да жасырмады.

Қазақстан көпұлттық басын біріктіріп, татулықтың белгісіне айналған қасиетті мекен! Сондықтан, достық ниетте келген әр ұлт өкілін құшақ жая қарсы алуға дайынбыз!

Бейсен Г., Биғазы Ф., Хабыл Н.

## ҚАЗҰУ ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ

Елімізде әр жыл сайын мектеп бітіруші түлектердің жартысынан көп бөлігі Қазақ Ұлттық Университетін таңдайды. Осыған орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дарынды оқушыларға қолдау көрсету мақсатында Қазақстан және ТМД елдерінің, таяу және алыс шетел білім беру ұйымдарының 11-сынып оқушыларына орай жыл сайын «Әл-Фараби» халықаралық олимпиадасын өткізеді. Дәстүрлі білім байқауы биыл да өз жалғасын табады.

Бұл шара Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі мен «Дарын» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының қолдауымен жыл сайын жүзеге асып келеді. Олимпиада жеңімпаздары министрліктің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Сондай-ақ, жеңімпаздарға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бүкіл оқу кезеңіне 100% жеңілдікке ие бола алады. Олимпиада келесі пәндер бойынша өткізіледі: ағылшын тілі, био-

логия, дүниежүзі тарихы, география, информатика, Қазақстан тарихы, қазақ тілі және әдебиеті, математика, неміс тілі, орыс тілі және әдебиеті, физика, француз тілі, химия. Демек, аталған пәндер бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен түлектер еліміздің ең үздік әрі ең танымал білім ордасына еш емтихансыз түсуге мүмкіндік ала алады.

Қазақстандық оқушылар үшін 1-кезең 27-28 ақпан 2-кезең 9-10 наурызда болса, ТМД елдерінен, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерден қатысатын білім беру ұйымдарының түлектері үшін 1-кезең 1 наурыз күні өткізіледі.

ҚазҰУ – білімді оқушылар үшін әрдайым қолдау көрсетіп, үлкен мүмкіндіктерді ұсынып келеді. Білімді ұрпақ-біздің болашағымыз!

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері: Еламан Гүлбану, Отанқұл Әлия



*Қаңтар, ақпан айларында дүние есігін ашқан Түркі халықтары мәдени қорының президенті Ахмет бей Дағдұран және осы қордың мүшелері Жақсыгүл Қалжанова, Куләйма Әбдікәрімова, Айгүл Серғазина, Жанна Тохтабаева, Жұлдыз Ноғайбаева, Роза Рахимова, Нұргүл Дәлелханқызы, Ихсан Дәғдұранды туған күндерімен құттықтаймыз!*

*Сіздерге таза көңілімізден шыққан ізгі ниеттерімізді білдіре отырып, бақытты да баянды ғұмыр, жемісті де жеңісті күндер, қажымас қажыр-қайрат, талмас талап-жігер тілейміз. Әрқашанда дендеріңіз сау, көңілдеріңіз жайдары, отбасыларыңыз аман болсын!*

**Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы**

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРАБТАНУШЫЛАРДЫҢ САУД АРАБИЯСЫ КОРОЛЬДІГІНЕ ІССАПАРЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті шығыстану факультетінің тарихында тағы да бір елеулі жаңалық орын алды. Факультеттегі Арабтану орталығының ұйымдастыруымен бір топ арабтанушылар Сауд Арабиясы Корольдігінің астанасы Эр-Рияд қаласындағы Король Сәлман атындағы халықаралық Араб тілі Академиясында араб тілін шетелдіктерге оқыту әдістемесіне арналған ғылыми-әдістемелік семинарға қатысып қайтты. Бұл іссапар қабылдаушы тарап Араб тілі Академиясы тарапынан қаржыландырылды.

Халықаралық семинардың негізгі мақсаты – қазақстандық араб тілі оқытушыларының кәсіби біліктілігін арттыру. Географиялық жағынан қазақ жерінен шалғайда жатқан, ислам мен араб тілінің Отаны – Араб түбегіне арабтанушы мамандардың академиялық мақсаттағы алғашқы сапары табысты аяқталды. Халықаралық Араб тілі Академиясының Бас хатшысы Доктор Абдулла бин Салих әл-Уәшми бастаған ұжым қазақстандықтарды өте жылы қарсы алып, қонақжайлылықпен құрмет көрсетіп, өзара байланысқа ашық екендігін көрсетті.

Король Сәлман атындағы Халықаралық араб тілі Академиясы Сауд Арабиясы Корольдігі Министрлер кабинетінің қаулысымен 2020 жылдың 1-қыркүйегінде ашылған. Негізгі мақсаты – араб тілінің аймақтық және әлемдік деңгейдегі рөлін күшейту, араб-ислам мәдениетін терең тануға мүмкіндік беретін араб тілінің маңызын әлемге таныту. Сонымен бірге Академияның стратегиялық мақсаттарына араб тілінің тұтастығын сақтап қалу, оны Араб әлемі мен шетелдерде үйрену мен оқытуға көмек көрсету, араб тілінің дамуына қажет ортаны қалыптастыруға күш салу, араб тіліндегі мұраларды сақтап қалу үшін оларды зерттеп, жариялау; араб тілі мамандарына, ғалымдары мен зерттеушілеріне қолдау көрсету де жатады.

Араб тілі Академиясындағы бұл семинар араб тілін оқытудың заманауи әдістеріне арналып, қазақстандық арабтанудың жетістіктері мен проблемалары арнайы форумда талқыланды.

Бір аптаға созылған семинар өз мәресіне жетіп, Бас хатшы доктор Абдулла әл-Уәшми университет ұстаздарына халықаралық үлгідегі сертификаттар табыстады. Халықаралық семинар Қазақстан мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға өз септігін тигізетіні сөзсіз, себебі тіл – халықтар арасындағы достықтың көпірін салудағы ең басты фактор.

Іссапар Батысты басып озып, әлемдегі озық елдер қатарына қосылуды көздеп отырған Шығыс елдері мүмкіндіктерінің мол екендігін көрсетті. Тек дін ғана емес, ғылым, білім, мәдениет және т.с.с. салалардағы байланыстарды дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналғанына көз жетті. Шығыстану факультеті халықаралық байланыстарының көкжиегі кеңейіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Факультетіміз бен Араб тілі Академиясы арасында тығыз байланыстың осылайша бастау алуы баршамызды қуантады.

**Шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының профессоры Жұбатова Б. Н., аға оқытушысы Жиекбаева А.Б.**

## ҚАЗҰУ ЕСТЕЛІКТЕРІНЕН...

Өмір атты қызығы мен қиындығы қатар жүретін дүниеде адам баласы талай сәттерді бастан кешіреді. Бірі өмір қызығын байлықтан тапса, ендігі бірі нағыз байлықты достық деп таниды. Себебі дос - сенің өміріңнің мәні, қуанышыңның күегері. Көпшіліктің шынайы достыққа қол жеткізетін ең бақытты сәттерінің бірі – студенттік кезең.

Қадірін білген студент үшін бұл – бір ғажап кезең. Мектеп табалдырығын енді аттаған ең таза көңілдердің танысып, табысатын уақыты. Үлкен өмірмен әлі танысып үлгермеген балаң үміттер Алматыға үлкен арман арқалап келеді. Әдетте, олардың жанында ата-анасы, жақын туыстары бас-көз боп жүреді, баласын жатақханаға не пәтерге орналастырып барып, көңілі жайланғасын бір-ақ ктееді. Ал содан кейін оларға еркіндік деген әлем құшағын айқара ашады. Әсіресе, жатақхана өмірі бұрын-соңды ата-анасының қасынан бір адым алыс шығып көрмеген қыз-бозбалаға алғашқы кездері жұмақтай боп көрінеді. Бізге де ҚазҰУ-дың студент үйлері біз үшін сарайдай көрінді.

Ал, алғашқы курста ҚазҰУ-дың кітапханасы мен әр каби-

неті біз үшін тым ыстық. Таңертең ерте оянып, топпен бірге жарыса сабақтарға асығып, корпустарға бөлініп кетеміз. Ішінен таныс бейнені көре қалсаң жақын туысыңды көргендей қуанып, достарымызды сарыла күтуші едік. Сабақ біткен соң оқу орнының асханасына асыға түсіп, стипендиямыздың жартысын сол жаққа қалдыратынбыз. Тамақтанып болған соң бірден корпус жанындағы кітапханаға асығып, сабақтарымызды дайындаушы едік.

Әрине, студенттік кезеңді тек сабақ оқумен өткізудеміз дегенге ешкім сенбейді. Топтағылармен, жаңа достармен бірге қыдырып, күнімізді ұмытылмай етіп өткізуге асығатынбыз. Жастықтың лебі бәрібір де өзінікін алатыны белгілі. Біз де ойнадық, күлдік. Қазір осы орданың жоғарғы курсың да білім алудамыз. Бірақ, әр еркіндіктің шегі болатынын естен шығармаңыз. Тек ақылмен және сабырмен шешім қабылдау қажет екенін ұмытпаңыз!

**Садухас Е.К., Мұсан А.Н., Абиляев А.Х.**

## ЕҢ ҮЗДІК БІЛІМ МЕКЕНІ – ҚАЗҰУ

Адамзат баласы осы қиындығы мен қызығы қатар жүретін мынау дүниенің әр кезеңінде түрлі арманмен өмір сүреді. Біздің де бала күндік арманымыздың бірі - Алматы шаһарына, Әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне түсу еді. Осыдан бірнеше жыл бұрын арманға айналған білім ордасы, қазіргі кезде шындыққа айналып, Алматыға бас тіредік. Әр студент университеттің есігін айқара ашқан күннен бастап, оны жаңа әлем, жаңа адамдар, жаңа достар күтіп тұрады. Өйткені осындай заңғар университеттің студенті атану әркімге бұйыра бермес бақ. Әл - Фараби бабамыз өз сөзінде: «Бақытқа жеткізетін еркін әрекет – тамаша әрекет» дегендей, сол тамаша әрекеттің бірі - ол білімге деген құштарлық деп біліңіз.

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше мәртебесі бар Қазақстанның жетекші, әрі әлемдік білім нарығындағы бәсекеге қабілетті, әлемдегі ең үздік 800 университет арасында 275-ші орынды иемдене білген, Қазақстандағы нөмері бірінші университет сонымен қатар білім мен ғылымның ұлттық көшбасшысы.

Университет қабырғасында жан - жақты, біліктілігі жоғары, қазақтың керемет ақын - жазушыларының алдын көрген, көптеген білікті мамандардың көзін көрген, сол ұлы кісілерден дәріс алған отушы-профессорлар, ғылым докторлары, ғылым кандидаттары мен доценттер қызмет атқарады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 180-нен астам гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық мамандықтар

бойынша бакалаврларды, магистранттарды, докторанттарды дайындайды. Университетімізде 14 факультет шоғырланған, олар: механика-математика, физика, биология, химия, филология, журналистика, тарих, география, философия және саясаттану, экономика және бизнес, заң, шығыстану, халықаралық қатынастар, шетелдік азаматтарға арналған дайындық факультеті. Осы жерде білім алатын барша студенттер үшін жан-жақты даму үшін, көшбасшылық қабілетті қалыптастыру мақсатында, өз-өзін кемелдендіріп, еркін, заманауи дамыту үшін бар жағдай жасалған. Сол бар мүмкіншілікті пайдалана білу, әр студенттің өз қолында.

Бұл біздің оқу орнын асыра мақтағанымыз емес, бұның барлығы шынайылықпен, махаббатпен жазылған ерекше дүние. Менің осы университетте алған білім кейінгі болашақтағы өз орнымызды ойып тұрып табуға, биік шыңға жетелейтініне үлкен сеніммен қарадық.

Мағжан Жұмабаев айтқандай: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Мен жастарға сенемін!», - демекші арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастардың отаны - Әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті!

**әл - Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы магистранты Тлеубекұлы Е., PhD Мухамеджанов Е.С.**

# БІЗ ТУРАЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде бірнеше мамандықтар бойынша жүйелі білім беріледі. Соның бірі біздің білім алып жатқан мамандығымыз – физика. Қасым Аманжолов айтқандай кафедра өмірін өзге емес, сол жақта білім алып жатқан студенттер айтуы тиіс.

Біздің Теориялық және ядролық физика кафедрасы 2011 жылы теориялық физика кафедрасы және Халықаралық ядролық физика, ядролық энергетика және технология кафедраларының бірігу нәтижесінде құрылған.

Теориялық физика кафедрасы - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мұрағатталған 16 маусымның 2011 жылы-дың физика факультетіндегі ең алғашқы кафедралардың біреуі. Кафедраның негізін 1938 жылы Қазақстандағы термодинамика бойынша ғылыми бағытының белгілі маманы профессор А.А. Гухман қалаған. Кафедраның әрі қарайғы қалыптасуы мен дамуы, кафедраны 1945-1970 жылдары басқарған, доцент Н.М. Петрованың ғылыми-педагогикалық қызметімен тығыз байланысты. Оның ғылыми қызметімен кафедраның негізгі ғылыми бағыттарының бірі - жалпы салыстырмалық теориясындағы денелердің қозғалыс мәселесі байланысты.

Кафедрада 1955 жылдан Ғ.Ж. Мырзағалиев, ал 1959 жылдан бастап Т.М. Кучина жұмыс істей

бастады, 1962 жылы оқытушылар құрамы З.А. Гольдбергпен толықтырылды. Оның келуімен кафедрада жаңа ғылыми бағыт - бейсызықты акустика ғылым пайда болды. Басқа, Ядролық тақырыппен байланысты ғылыми бағыт, кафедраға 1969 жылдан бастап М.Ә. Жүсіповтің және Т.Ә. Қожамқұловтың келуімен дами бастады.

1970 жылы теориялық физика кафедрасының меңгерушісі болып М.М. Әбділдин тағайындалды. Оның жетекшілігімен жалпы салыстырмалық теориясы және гравитация ғылымы бығыты табысты дамыды.

1982 жылдың желтоқсан айында КСРО ЖБ Министрлігінің бұйрығымен С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жалпы салыстырмалық теориясы бойынша алғашқы оқу орыны болып тағайындалды.

1981-1986 жылдары кафедраны есімі кванттық хромодинамика ғылыми бағытының пайда болуымен тығыз байланысты Т.Ә. Қожамқұлов басқарды. 80-нші жылдарында кафедраның ғылыми потенциалы одан әрі күшейді: М.М. Әбділдин (1985 ж.), Т.Ә. Қожамқұлов (1986 ж.) теориялық физика бойын-

ша докторлық диссертацияларын қорғады, кафедра түлектері, жас ғылым кандидаттары, М.С. Омаров, Н.А. Буркова, О.И. Имамбеков, Т.Д. Каипов, К.А. Жақсыбекова оқытушылық қызметтерін бастады, 1985 жылы кафедрада өрістер теориясы бойынша мамандар М.С. Имашев және А.М. Кусаинов жұмыс істей бастады. 2002-2006 жылдар аралығында профессор В.И. Рускин кафедрада «өрістердің кванттық теориясынан» дәріс оқыды. 2003 жылы М.М. Әбділдин ҚР ҰҒА академигі болып сайланды. Профессор Т.Ә. Қожамқұлов 1994 жылы Халықаралық жоғарғы мектеп ғылымдар академиясының академигі, 2008 жылы ҚР ҰҒА академигі болып сайланды, 2001-2008 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры болды. 2007 жылы К.А.Жақсыбекова және Н.А. Буркова докторлық диссертацияларын қорғады. 2008 жылы кафедраның меңгерушісі ф.-м.ғ.к. М.Е. Абишев тағайындалды. Ол 2009 жылы докторлық диссертациясын қорғады.

Кафедраның алғашқы PhD докторы Т. Мырзақұл диссертациясын қорғады. 2009 жылы А. Бошқаев және Ж.Н. Бришева, 2010 жылы А.М. Жусупов, 2011 жылы А.С. Тауқенова PhD диссертацияларын қорғады. 2011 жылы оқытушы

Г.С.Нұрбақова «Теориялық физика» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

Біздің кафедраның басты білім беру бағыттары:

1. теориялық ядролық физика саласында эксперименттер жүргізу, олардың нәтижелерін өңдеу және түсіндіру;
2. алынған эксперименталды мәліметтерді түсіндіру үшін заманауи физикалық теорияларды қолдану;
3. теориялық ядролық физика саласындағы құбылыстар мен процестерді теориялық сипаттау үшін тиімді компьютерлік технологияларды, бағдарламаларды, математикалық және сандық әдістерді қолдану;
4. алынған есептеулердің жүргізілген зерттеулер мен эксперименттердің нәтижелерін бағалау, жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша есеп құру;
5. бірлескен мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді іске асыру үшін нақты физикалық проблемалар бойынша ғылыми нәтижелерді негіздеу.

**Аманғазина Ақбота., Өсербай Арайлым., Теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушы Зарипова Ю.А.**

## ТӘЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БАСТАУЫ – ҚАЗҰУ

Қазақ Ұлттық университетінде студенттік кезеңнің ең бақытты әрі ең қызықты сәттерін бастан кешірудеміз. Алтын ордамыз жайлы күні бүгінге дейін бірнеше мадақтамалар, мақалалар, қара өлеңдер шыққаны белгілі. Бірақ, осы мақалада университет мектепті тәмамдап, үлкен өмірге қадам басқан түлектерге тәлім мен тәрбиені қатар беруде. Бүгін сол туралы сөз қозғайық.

Ғасырға жуық тарихы бар университет халықаралық деңгейде білім береді. Мемлекеттік аттестаттаудан бірінші болып өтіп, барлық мамандық бойынша білім беру қызметін алғашқылардың бірі болып жүзеге асырды. 2003 жылы 16 қыркүйек күні Еуропадағы белгілі Балонья университетінің қабырғасында Қазақ Ұлттық университетіміз Дүниежүзілік университеттер хартиясына қол қойған болатын. Сол кезеңнен бастап университет Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттері ішінде көш бастап, бірінші болып Еуропалық білім кеңістігіне ене білді. Университет қабырғасында тек қазақ жастары емес, басқа ұлт өкілдері де білім алады. Шетелдік студенттердің өзі ҚазҰУ-ға қызығушылықпен түсіп, өзінің тілдерінде еркін білім ала алады. Шетел студенттерінің саны шамамен соңғы көрсеткіш бойынша 15 есеге өскен. Университет қабырғасында жыл сайын көптеген форумдар мен игі іс- шаралар ұйымдастырылып келеді. Соның ішінде атап өтерлік бір форум - «Мен жастарға сенемін» атты жастар форумы. Бұл шара жыл сайын ауқымды көлемде өтеді. Оған басқа университеттің білім алушылары қатысып, бақ сынайды. Тек осы жылы ғана форум қазіргі жағдайға байланысты онлайн түрде өткізілді. Бұл біздің жалпылай алып қарастырған жетістіктеріміз ғана. Ал, егер де, факультет бойынша қарастырсақ онда бізге үлкен кітап жазып шығаруға тура келеді. ҚазҰУ цифрландыру жүйесінің көш басшысы десек те қателеспейміз. Себебі, әр жыл сайын университет өзіндік жаңа бағытты қалыптастыруда. ҚазҰУ- талантты жастар мен дарынды студенттердің мекені. Білімге құштар азаматтардың мекені. ҚазҰУ- нағыз студенттік шақтардың естен кетпес естеліктерін қалыптастырушы. Ғылымның ортасы мен білімнің ордасы.

**Айдабаев Ж.С., Байдуллаева Ш., Кохаева А.А.**

## ҚАЗҰУ – БІЛІМ МЕН БІЛІКТІЛЕРДІҢ МЕКЕНІ

Әлемдегі соңғы жағдайларды ескерсек біз тәуелсіз, бейбіт, апатсыз мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Білім алуға деген мүмкіндіктеріміз бен қол жеткізе алатын асқақ армандарымыз бар. Ал ол армандардың бастауы әрі себепкері алтын орда, қара шаңырақ – ҚазҰУ. Университет 1934 жылы құрылып, 1991 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті болып өзгертілді. Университет тәуелсіздік кезеңінен күні бүгінге дейін тоқтаусыз дамуда. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің құрылғанына кем дегенде бір ғасырдың жүзі де болып қалыпты. Әлемдік білім кеңістігінде өзінің алар орны ерекше, көш

бастап тұрған білім ордасы десек артық айтқанымыз емес. Университеттің тарихы еліміздің маңызды кезеңдерімен тұспа- тұс келіп ұшырасады. ҚазҰУ- жастар мекені, жастардың қалашығы десек те болады. ҚазҰУ қалашығы өте үлкен. ҚазҰУ-да жастардың бүкіл жағдайы жасалған. Өзіміз байқап қарасақ, қалашық ортасында үлкен көлемдегі Әл-Фараби кітапханасы орналасқан. Іші қазіргі ғылым талабына сай цифрлы жүйемен толық қызмет етеді. Кітапхана қойнауында 2 миллионнан астам кітап қоры бар. Ішінде сұраған кітаптың бәрін таба аламыз және де бір қуантатыны кітапхана электронды жүйеде жұмысын атқарып келеді. Тағы да бір қызық жағдай,

кітапхана ішінде тек кітап емес, компьютер клубы және шағын музейлер орналасқан. Әл-Фараби кітапханасы ТМД елдеріндегі алар орны ерекше, көлемді, ауқымды жалғыз кітапхана. Қалашықтың табиғаты мүлде ғажап. Ортадағы Әл-Фараби ескерткішінен аса бастағанда, ары қарай сұлу Алатаудың бейнесіне куә боламыз. ҚазҰУ қалашығының ішінде Өмірбек Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы да бар. Ол да өзінің жұмысын қарқынды атқарады. Университеттің талантты жастарын осы жерден табамыз!

**Темірбай С., Баяхметов Ә., Хасанов М.**

## ҚАЗҰУ – БІЛІМДІЛЕРДІҢ ТАҢДАУЫ

Мектеп бітіріп, «жас түлек» атанғаннан соң, әр жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды мәселелердің бірі болашақ мамандық пен оқу орнын таңдау. Біз де өзгелер секілді, бірнеше оқу орнын зерттей отырып, соңғы әрі нақты шешімді Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне беруді жөн көрдік және осы уақытқа дейін еш өкінген емеспіз. ҚазҰУ көп жылдық тарихы мен оқу және ғылыми жұмыс тәжірибесіне бай, еліміздің алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарының көшін бастап тұрған еліміздегі алпауыт университеттердің бірі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – өзіндік салт-дәстүрімен бай, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір жоғары оқу орны.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – бірінші бо-

лып мемлекеттік аттестациядан өткен және барлық мамандықтар мен дәрежелер бойынша білім қызметін жасайтын, Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындар жүйесінің көшін бастап тұрған көшбасшы.

Университет жоғарғы білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңестігінде интеграциялауға, өндіріске енгізілетін фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталатын кең көлемдегі білім, ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндіруші негізге ие. Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Сіздерге алуан түрлі мамандықтарды ұсынатын білім және ғылым ордасы.

Адилхан С., Арзанбай Б., Валиолда Д.С.

## БОЛАШАҒЫМЫЗ ЖАРҚЫРАЙ ТҮССІН ДЕСЕК...

XXI ғасыр – білім мен біліктің заманы. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа бағыттарды игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттырып отырады. «Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс.» - деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялауы тегін емес. Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. 2022 жылды іс жүзінде балаларды қорғау жылы ретінде өткізіп, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру сынды салаларда ел болашақтарына жете мән берілуі тиіс.

Білімді ұрпақ – жарқын болашақ кепілі деп жиі айтамыз. Келешек ұрпағымызды білімді, білікті, бәсекеге қабілетті етіп тәрбелеу – мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу – әрбір ұстаздың, ата-ананың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Мектепте қаланған

әр білім болашақта университет қабырғасында кәдеге асуы да тиіс. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат – өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген, білімді, дағдыларды меңгеретін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру және тәрбиелеу.

Одан соң мектеп қабырғасынан жаңа ұшқан жас түлектерді қабылдап, үлкен өмірде аяқтандыру ол жоғарғы оқу орнының басты міндеті. Осы тұста әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің атқарған қызметін мақтанышпен айта аламыз. Ғасырға жуық тарихы бар бұл орда талайларды қанаттандырып, білім мен ғылымның бастауына айналып үлгерген. Сондықтан, болашағымыз жарқырай түссін десек ең әуелі жас ұрпақтың біліміне ерекше назар аударуға тиіспіз!

**Болат А., Нурмуханова А., Нурбақова Г.С.**

**yimpas proma**  
marketler zinciri

**ÇAYKUR Altınbaş Classic**  
Harvested exclusively from the valuable uppermost tea leaves of Turkey's Eastern Black Sea Region.  
Black Tea

**Bebe**

**Cokokrem**

**Маметова 67 А**  
**Самал-2, Д.48**

**LINK**  
25.yil

**Біз туралы / О нас**

Медициналық OEM құрылғыларында оқыған және мамандандырылған инженерлер тобы құрған Link Medical Systems – Еуропадағы алғашқы тәуелсіз сервистік компаниялардың бірі. Әлемдік нарықтағы 25 жылдық жұмыс тәжірибесі

Link Medical Systems, основанная группой инженеров, которые прошли обучение и специализируются на OEM-производителях медицинского оборудования, является одной из первых независимых сервисных компаний в Европе. 25 Лет опыта на мировом рынке

- Кез-келген күрделілікке техникалық қызмет көрсету, орнату және жөндеу
- Техническое обслуживание, установка и ремонт любой сложности
- Қосалқы бөлшектер мен қолданылған құрылғыларды сату
- Продажа запасных частей и б/у аппаратов
- MPT және КТ орнату, Радиожиілік кабиналары, ramp-up, shimming
- Инсталляция MPT и КТ, RF shielding, ramp-up, shimming
- Меншікті зерттеулер мен әзірлемелер
- Собственные научно-исследовательские разработки
- MPT магниттерін салқындату, 100-ден астам магнитті біз сәтті салқындаттық
- Охлаждение магнитов MPT, более 100 магнитов успешно охлаждены нами

**Байланыс/Контакты**  
E-mail [info.kz@linkforge.com](mailto:info.kz@linkforge.com)  
Тел 8 727 313 10 35  
Web: [www.linkforge.com](http://www.linkforge.com)



## БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН БІРЛЕСТІК

Теориялық және ядролық физика кафедрасы – ҚазҰУ қабырғасында өзіндік орны мен жетістіктері мол бірлестіктің бірі. Ол 2011 жылы теориялық физика кафедрасы және Халықаралық ядролық физика, ядролық энергетика және технология кафедраларының бірігуі нәтижесінде құрылды.

Теориялық физика кафедрасы-әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика факультетіндегі ең алғашқы кафедралардың бірі болды. Кафедраның негізін 1938 жылы Қазақстандағы термодинамика бойынша ғылыми бағытының белгілі маманы, профессор А.А. Гухман қалаған. Кафедраның әрі қарайғы қалыптасуы мен дамуы, кафедраны 1945-1970 жылдары басқарған, доцент Н.М. Петрованың, Ф.Ж. Мырзағалиев, Т.М. Кучинаның ғылыми-педагогикалық қызметімен тығыз байланысты. Оның ғылыми қызметімен кафедраның негізгі ғылыми бағыттарының бірі - жалпы салыстырмалық теориясындағы денелердің қозғалыс мәселесі байланысты.

1970 жылы теориялық физика кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалған М.М. Әбділдин жетекшілігімен жалпы салыстырмалық теориясы және гравитация ғылымыны бығыты табысты дамыды.

1982 жылдың соңғы айында КСРО ЖБ Министрлігінің бұйрығымен С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жалпы салыстырмалық теориясы бойынша алғашқы оқу орны болып бекітілді.

Аталған кафедраның ең алғашқы PhD докторларының бірі Т. Мырзақұл диссертациясын қорғады. 2009 жылы А. Бошқаев және Ж.Н. Бришева, 2010 жылы А.М. Жусупов, 2011 жылы А.С. Таукенова PhD диссертацияларын қорғады. 2011 жылы оқытушы Г.С.Нұрбақова «Теориялық физика» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

1993 жылы радиоактивті сәулелер кафедрасы ядролық физика кафедрасы болып өзгертілді. Содан бері кафедрада бірнеше білікті мамандар басқарып, кафедраның одан әрі дамуына үлкен үлес қоса білді. 2010 жылы университеттің ғылыми кеңесінің қаулысымен ядролық физика кафедрасы Халықаралық ядролық физика, ядролық энергетика және технология кафедрасы болып өзгертілді. 2011 жылдан бастап теориялық физика кафедрасы және Халықаралық ядролық физика, ядролық энергетика және технология кафедраларының бірігуі нәтижесінде кафедраны физика-математика ғылымдарының докторы, доцент Әбішев Медеу Ержанұлы басқарып келеді. ҚазҰУ-да осындай тарихы терең бірлестіктер мен онда жұмыс жасайтын ұстаздар студенттерге білім беруден жалықпайды!

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры: Аманкулов Е.С., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері: Аманжол Арайлым, Жұмабек Аякөз**

## ЕЛ БОЛАШАҒЫ – БІЛІМДІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА!

Әрбір адам білім алуға міндетті. Бұл ең алдымен адам баласының өзі үшін маңызды. Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығады. Екіншіден, біздің мемлекетіміз үшін білімді мамандар ауадай қажет. Өйткені, ел ертеңі – білімді жастар! Ғылыми пікірлердің қарапайым дәлелдемесі, оқымаған және сауатсыз адам, өмірде табысқа жетуі екіталай. Білімді адам, кез-келген қиын жағдайдан шығатын жолды тауып, өмірде көп нәрсеге қол жеткізуге шамасы жетеді. Сондай-ақ, ақылды адамдармен қарым-қатынас жасау оңай әрі қызықты. Себебі, олар әртүрлі тақырыптарда еркін әңгімелесе алады, өзекті тақырыптарды қозғап, қоғам өміріне еркін араласады. Бұндай адамдардың дүниетанымы кең, сондықтан, сөйлесу барысында сіз олардан көп нәрсе үйренуге мүмкіндігіңіз бар.

Адамның тұлға ретінде қалыптасуы, мектеп қабырғаларынан басталады. Кез келген мектеп оқушысының қазіргі мақсаты – мектепті жақсы бағалармен аяқтап, жоғары оқу орнына түсу. Осы тұста қабілетінді өшірмейтін, керісінше, одан ары өсіретін оқу орнын таңдау өте маңызды. Біздің берер ақыл-кеңес – ҚазҰУ. Себебі, білімді профессорлардың бас қосқан оқу ордасында сіз өзіңізге қажет білім мен өнерді таба аласыз. Сондай-ақ, біздің елімізде білім алу үшін, барлық жағдай жасалған. Қазақстанның болашағы – қазіргі ұрпақтың қолында! Халық жастарға сенім артып отыр, сондықтан, олардың үмітін ақтауға тырысайық!

Құттымұрат О.Н., Ермұханова Ә.С.

## ҰЛТ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАР

*Жас мұраты, білім, тәлім – талабы...  
Өнер, оқу – жастықтың қару жарағы...*

Мақаламызды бастамас бұрын еліміздің басшысы, мемлекет Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бір сөзін еске түсірейік: «Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек» деген Қасым-Жомарт Кемелұлы балалар мен жастардың біліміне, тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу керектігін жеткізді.

Жастар – қоғамның неғұрлым ұтқыр, икемді, жігерлі бөлігі және нақ сол жастар ел экономикасының қозғаушы күшіне айналуға тиіс. Бүгінгі бәсекеге толы заманға заманауи білім, қажырлы еңбек және жастар бастамасы қажет. Жастардың жанқиярлығы, еңбекқорлығы мен құлшынысы жағдайында ғана Қазақстан экономикасының мүмкіндіктері ол үшін шынайы игіліктерге айналуы мүмкін.

Мемлекет жастарды еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кепілдіктермен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты 2021 жылдан бері қарқынды жетілдіруде. Ел Президентінің экономиканы үдемелі

инновациялық индустрияландыру, ауыл шаруашылығын жаңғырту, мемлекеттік қызмет деңгейін арттыру және шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі бағдарламасын іске асыруға жастардың қатысуына ерекше көңіл бөліп келетіні де жасырын емес.

«Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орын алсақ та, бір оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман» деп Алаш зиялысы Міржақып Дулатұлы айтқандай, заманауи, қарқынды дамып келе жатқан әлемде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелесек, үлкен жетістіктерге жетеріміз хақ! Ол үшін біздің елде озық үлгіде жұмыс жасайтын, заманауи құрылғылармен жабдықталған оқу орындары да жұмыс жасап келеді. Атап айтар болсақ, ұлттық университеттер осындай келелі істерге әрдайым мұрындық болып келеді. Біздің оқу орны Қазақ Ұлттық Университетінде де ел басшысының әр тапсырмасы өте жоғары деңгейде жүзеге асып келеді. Біздегі жалғыз міндет – сол мүмкіндіктерді дұрысынан пайдаланып, білікті маманға айналуды!

әл Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы магистранты А.А.Ақат., ф.м.ғ.д., профессор Н.А.Буркова., ф.м.ғ.к., доцент Ф.Б.Белисарова

## ҚАЗҰУ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

«ҚазҰУ» деген сөзді ести сала көпшіліктің ойына бірден алпауыт, биік ғимарат, Алматының орталығындағы университеттер мен ағылған студенттер елестейді. Ал біз ҚазҰУ жайлы бірнеше ақпараттармен бөлісейік.

Университет осы күнге дейін білікті мамандарды даярлап, әлемдік білім беруді қолдаған университеттердің бірі. Қазіргі таңда университетте 16 факультет, 32 ғылыми зерттеу институттары мен орталықтар, технопарк және әскери кафедра жұмыс жасайды. Университет ішінде студенттерге барлық жағдай жасалынған «Казгуград» қалашығы бар екенін атап өтейік. Яғни студент қалашықтан кітапхананы да, студент-

тер сарайын да, медициналық орталықты да, спорткешен мен стадионды да таба алады.

Болашақта дәл осы оқу орнын аяқтап, дипломды қолға алған әр білімді студент елдің ертеңі, болашағымызды жарқын етер маман боларына кәміл сенімдіміз!

Қорытынды келе, ҚазҰУ-бұл ең дұрыс таңдау екенін қайталай бергіміз келеді. Елімізді ғана емес, басқа да мемлекеттерді өзінің жетістіктерімен мойындатқан бұл универ әлі талай студенттің арманы болары сөзсіз!

Төрежан М., Түйтебаева У., Белисарова Ф.Б.

## KAZNU STUDENTS READY TO SUPPORT THIRD DEVELOPMENT GOAL HEALTH AND WELL-BEING



Nowadays, the 2030 Agenda for Sustainable Development, adopted by all United Nations Member States in 2015, provides a shared blueprint for peace and prosperity for people and the planet, now and into the future. At its heart are the 17 Sustainable Development Goals (SDGs), which are an urgent call for action by all countries - developed and developing - in a global partnership.

They recognize that ending poverty and other deprivations must go hand-in-hand with strategies that improve health and education, reduce inequality, and spur economic growth – all while tackling climate change and working to preserve our oceans and forests. Today, the Division for Sustainable Development Goals (DSDG) in the United Nations Department of Economic and Social Affairs (UN-DESA) provides substantive support and capacity-building for the SDGs and their related thematic issues, including water, energy, climate, oceans, urbanization, transport, science and technology, the Global Sustainable Development Report.

On February 14, the Department of Foreign Languages organized and carried out educational work of the Mechanics and Mathematics Faculty, students of the 1st year of rob-tech, acting mathematics. The participants of the educational work discussed about a healthy lifestyle, students' programs, talked about the risks and opportunities for the well-being of sustainable development goals. Students from Russia, Turkey, Kazakhstan and Kyrgyzstan were involved in the discussion. Students from abroad sent their video polls in advance And how do residents in other countries take care of their health. Due to the significant time difference, some students connected to the conference. Despite the difference in time zones and linguistic diversity, everyone understood each other. As a result of the event, 1st year students prepared presentations in advance about healthy food, how to eat food, and what physical exercises are very useful for their fellow students. It should be noted that the Kazakh University became one of the initiators of the creation of an international network of Ban Ki-moon institutions for sustainable development. Highly appreciating the activities of KazNU as a Global Hub, Willy Kempelot noted that this is, first of all, a responsible mission that is successfully carried out on an international scale. He expressed confidence that KazNU and Austrian universities can cooperate more actively in this important direction and initiate joint projects on sustainable development goals. The parties expressed their readiness to provide comprehensive support and contribute to their advancement. An agreement was also reached to hold a joint international conference on sustainable development.

Foreign language teachers of KazNU named after Al Farabi Yermakhanbet N., Zharymbetova R., Kuralova A.

## ОҚУ ПЛАТФОРМАСЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Алып шаһардың алпауыт университеттерінің бірі де бірегейі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері білімі мен шығармашылық қабілеттерін пайдалана отырып, ғылыми жобаларды батыл қолға алып келеді.

Университетіміздің білімді әрі алғыр студенттерінің бірі – механика-математика факультетінің 4-курс студенті Роза Байшапанованың басшылығымен жүйеленген стартап командасы. Олар репетиторлар, яғни, қосымша білім берушілер мен оқушыларды ғаламтор желісі арқылы бір ортаға жинап, оқытуды ұйымдастыруға көмектесетін OQU-платформасын ойлап тауып отыр. Су жаңа платформа жайлы дәл осы ақпан айының алғашқы аптасында жариялаған болатын.

Су жаңа өнертабыстың жобаның жетекшісі Роза Байшапановаға бұл идея бірінші курста математика пәнін үйретуші ретінде жұмыс істей бастаған уақытта келгендігін мәлімдеді:

«OQU – үйретушілер мен үйренушілерді тоғыстыратын орын. Мұнда репетитор сабақ берсе жеткілікті, ал қосымша сабақтарды ұйымдастыру, үй тапсырмаларын тексеру және басқа да міндеттерді платформа атқарады. Тьюторинг платформада әркім өз талабына сәйкес репетиторды, ал оқытушылар жаңа тұтынушыны таба алады», – деп өз сөзін түйіндеді.

Оқуға арналған онлайн жүйе төрт қарапайым қадаммен оқытушы табуға көмектеседі. Бірінші қадам – ҰБТ, SAT, IELTS-ке дайындық курстары мен микро-курстар тізімінен қажетті мазмұнды таңдау. Кез келген тақырып, мысалы, тригонометрия. Екінші – оқу пәнін, тілін көрсете отырып, өтінім қалдыру, үшінші – сынақ сабағы, төртінші – платформада сабақ басталған сәттен бастап бір айға ақы төлеу.

Бүгінде жоғарыда аталған платформасы бета-тестілеу сатысында сынақтан өтуде.

Испархан М.Е., Абушахман Г.Ж., Мурзағалиева А.Г.

## ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ

Бір ғасырлы тарихы терең әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасы «Ағылшын тіліндегі мерзімді ғылыми басылымдар» атты үйірменің жұмысын қарқынды түрде жүзеге асыруда. Ол үйірменің кез келген студентке келер пайдасы көп. Оның ең басты артықшылығы: дипломдық жобаңызға байланысты қандай мақалалар, өзге де ақпараттар қажет екенін, оларды қайдан алуға болатынын білесіз.

Өткен жылдар бойы еліміз үштілділік бойынша бірнеше мүмкіндіктерді ұсынып келеді. Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп бекіткен. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кері қалмауы үшін көп тілді меңгеруіміз қажет екенін естен шығармайық. Бұл адам қолынан емес, заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Ана тілімізді білу, онымен еркін сөйлеу ол мақсат емес, міндет. Қазіргі таңда бұл жағдай бір мәселеге айналып отырған секілді. Ал өзге тілдер, әсіресе, халықаралық ағылшын тілі, біздің болашағымыз үшін, мақсаттарымыздың орындалуы үшін үйренілуі керек ең негізгі тілді бірегейі десек артық айтқанымыз емес. Ғылыми конференциялар, ғылыми мақалалар бәрі қазірге таңда ағылшын тілінде шығарылуда. Сол себепті, даму үстіндегі ел болғандықтан, еліміздің өркендеуіне септігімізді тигізгіміз келсе, ағылшын тілін білуіміз қажет.

Исаева А., Туребек А., Кунаков С.

## ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА

Біз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде теориялық және ядролық физика мамандығында білім алудамыз. Көпшілік бұл мамандықтан жиі хабарсыз болып жатады. Бүгін қысқаша осы сала бойынша түсіндіріп өтейік.

Кафедраның негізгі ғылыми зерттеу бағыты жылу және молекулалық құбылыстар физикасы болып табылады. Кафедра оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері аэродинамикадағы, жылу масса тасымалдаудағы ламинарлы және турбулентті ағыстарды, диффузия және жану процесстеріне тәжірибелік, теориялық зерттеулер жүргізумен айналысады. Қазіргі таңда кафедрада 28 оқытушы жұмыс жасайды, оның ішінде 5 ғылым докторы, профессор, 12 ғылым кандидаты, доцент, 3 PhD философия докторы бар.

2009 жылы «Жылуфизика, стандарттау және метрология» кафедрасы университет ішінде өткен «Үздік кафедра»

байқауындағы «Ғылымдағы жетістіктері үшін» номинациясында дипломмен марапатталды.

Бізге сондай-ақ лабораториялар жұмыс жасайды. Лаборатория жетекшісі – физика факультетінің деканы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Асқарова Әлия Сандыбаевна. Институт теплотехники и топливных технологий, ИТГВ, Технический Университет г. Брауншвайг; -Лионский Центральный Институт, г. Лион, Франция; -Imperial College London Mechanical Engineering Department, Лондон, Великобритания. -2008 жылы желтоқсан айында Брауншвайг қаласында (Германия) проф. Ә.С. Асқарованың қатысуымен қызметтестік Меморандумға қол қойылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы магистранты Зиябек А.Т., ф.м.ғ.к., доцент Имамбек О.

## БІЛІМ мен БІЛІКТІЛЕРДІҢ МЕКЕНІ

Адам қиындығы мен қызығы қатар жүретін дүниеде қандай іспен айналысса да, қандай кезеңді бастан өткерсе де өміріндегі ең бір ұмытылмас кездер университет қабырғасындағы керемет шақтар болып қала береді.

Университет қабырғасында оқып жүргеніме бірнеше жылдың жүзі болды. Оқу ордасында өткізген осы жылдар біздің өміріміздегі естен кетпес, санада мәңгі қалар, жүректен орын алар ең тамаша кездер десек артық айтқанымыз емес. Университетке аяқ тіреген сәттен-ақ талай студенттер, өзімізді нағыз телегей теңіз білім ордасына, жалынды жастардың қатарына енуімізбен құттықтап, өте керемет сезімде болдық. Өйткені, елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміз бен біздің жастарымыздың басты байлығы – сапалы білім екенін өзінің сөйлеген сөздерінде бірнеше рет атап көрсеткен болатын. Осы сапалы білімнің қара шаңырағы, Қазақстандағы білім беру жүйесінің тірегі, ескінің көзін көрген, бір ғасырлық бай тарихы жинақталған ұлттық университетте еліміздің

түкпір түкпірінен, алыс - жақын шет елдерден келіп, оқып жатқан студенттер жетерлік. Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше мәртебесі бар Қазақстанның жетекші, нөмері бірінші университеті, сонымен қатар білім мен ғылымның ұлттық көшбасшысы. Жақында Қазақ ұлттық университеті «QS World University Ranking by Subject 2020» пәндік рейтингісінің қорытындысы бойынша «Заманауи тіл білімі» мамандығы бойынша әлемнің ең үздік 100 ЖОО қатарына енді.

Университет қабырғасында жан – жақты, біліктілігі жоғары, қазақтың керемет ақын – жазушыларының алдын көрген, сол ұлы кісілерден дәріс алған оқытушы-профессорлар, ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, доценттер қызмет етуде.

Болысбекова Ақниет, Балтурманова Даяна, Теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушы Мукашева С.Н.

## XXI ҒАСЫР – ЖАҢА ЗАМАН

Әлем қарыштап дамып жатыр. Әрбір күн жақсылық, жаманды жаңалыққа толып жатыр. Тың дүниелер, жаңа технологиялар мен зерттеулер бүгінде ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеде.

Біз XXI ғасырдың басты жаңалығы деп білетін жаңа ақпараттық технологиялар әрбір секунд сайын қарқынды дамуда. XXI ғасыр - бүгін ашқан жаңалығың, ойлап тапқан дүниең ертең-ақ ескіге айнала кететін заман. Ақпараттық технологиялар саласындағы бәсекелестік оның одан сайын дамуына, жаңа әрі қолжетімді техника мен технология түрлерінің пайда болуына септігін тигізуде. Білімді жастар да, сол білімді тиімді пайдалануға арналған жағдай мен бағдарламалар да, мемлекеттік қолдау мен жобалар да, түрлі идеялар да бар. Алайда жаңа заманның жаңа талаптарына тез бейімделе алмау қабілетіміз Қазақстанды артқа тартып отыр.

Жаңа технологияны дамытудың маңыздылығын түсінгенімізбен, оны жүзеге асыруда күмәнмен қараймыз. Осындай күмән мен күдікті жою қазіргі жастардың қолында. Осы тұрғыда әрбір ЖОО-да даму мен жаңа технологияларға

бет бұрылса болса біз әлдеқашан дамыған мемлекеттер қатарында болуымыз да таңғажайып дүние емес. Бірақ, ҚазҰУ осы бағытты ұстанып келеді. Себебі біздің әр пәніміз жаңа технологиялармен байланыстырылып, шығармашылық ойлаумен жүзеге асып отырады. Осы тұрғыда аталған оқу орнының профессор ұстаздары да әр жыл сайын өз білімдері мен біліктіліктерін арттырып, дамуға ашық жандар. Енді тек осындай қоғамның мүшелері көп болса біздің бағындырар белес алыс емес.

Қазақ қоғамына заман ағымымен бірге жүруге, жаңа жағдайларға бейімделуге, кез келген жаңа дүниені оң қабылдауға үйренісу қажет. Сонда біз әлемдік аренаға жаңа технологияларды ұсынуға, бәсекелестікке қабілетті болуға қауқарлы боламыз.

әл Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы магистранты Т.Муратбек., PhD О.А.Каликулов, ф.м.ғ.к., доцент Ф.Б.Белисарова

## УАҚЫТЫҢЫЗДЫ БАСҚАРАТЫН ГАДЖЕТТІҢ БАР ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

Қазіргі заманның ең өзекті мәселесі – ғаламтор. Кей-бірінде ол ұзақ уақыт жұмыс жасамай тұрса, ендігі бірі күні бойы ғаламторға байланған. Иә, байқап қарасақ бүгінгінің ең алтын байлығын ұрлайтын осы әлеу желі. Осыдан 5 жыл бұрын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері бұл мәселенің шешімін тапты. Optime гаджеті арқылы енді сіз уақытыңызды басқара аласыз. Бұл жоба сол жылы-ақ Microsoft байқауына жолдама алды.

Авторлардың сөзінше бес жыл бұрын Optime жобасының идеясы ойға келген. Сол сәттен-ақ жоба бойынша жұмыс басталған.

Шын мәнінде біз бәріміз жұмыс жасап отырамыз. Бірақ, өзіміз қалаған нәтижеге қол жеткізбейміз. Неге? «Не үшін?» деп бақыласақ, түрлі видеоларды көрумен, әлеуметтік желілерде отырумен уақытымыздың көп бөлігін жоғалтып алады екенбіз. Мәселенің шешімі - Optime құрылғысы. Басқа бағдарлама, жобалармен салыстырғанда, мұндағы басты айырмашылық: адам уақытын қолымен басқара алады. Optime гаджеті арқылы бір әрекетін екіншісіне ауыстыра алады. Сондай-ақ мобильді қосымша барлық әрекеттеріңіздің статистикасын шығарып береді. Ал тайм-менеджментке

арналған басқа бағдарламалар факт бойынша ғана жұмыс істейді.

Қазақстан бойынша бұл жобаның аналогы жоқ. Басқа елдердегі жобалардан ерекшелігі: мұнда лимит (шектеу) белгілеуге болады. Optime-ға помодора принциптерін қолданамыз. Помодора – тайм-менеджмент принципі. Адам жұмыс істеу концентрациясын бақылауда ұстап отырады. Мысалы, 25 минут бойы өзге еш нәрсеге көңіл аудармай, бір ғана жұмысты істейді. Бұл зейінді арттыруға көмектеседі. Осы принципті бағдарлама жөнінде іске асыруға тырыстық. Мысалы, қолданушы 10 минутты белгілейді, 10 минут бойы адам сол жұмысты атқарады. Біткен соң, мобильді қосымшаға уақыттың аяқталғаны туралы хабарлама келеді. Әр адамның қызметіне байланысты иконкаларды өзгертуге болады. Мысалы, мұғалімнің, қаржыгердің және т.б. өзінің жеке иконкалары болады. Оны гаджетке жабыстырып, мобильді қосымшадағы атауын баптау арқылы өзгертуге болады.

Қазыбек Бағжан., Амангелдиева Асель., ф.- м.ғ.к., доцент Жауғашева С.

## ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

Біздің қоғамда «ғалымның хаты өлмейді» деген керемет теңеу бар. Шынымен де, егер белгілі еңбек қалса, ол біршама адамға азық, білім мен өркениетке жол ашатыны белгілі. Соның бірі туралы баяндап өтейік.

Қазақстандық авторлар ұжымы қысқа уақыт аралығында бериллий өндірудің бірегей технологиясы бойынша үш АҚШ патентіне ие болды. Мұндай бір ғылыми-технологиялық бағытта үш патентті бірінен соң бірін растау жетістігіне Қазақстанның ғана емес, бүкіл посткеңестік кеңістіктің бірде-бір зерттеу тобы бұрын-соңды қол жеткізбеген. Бұл кезекті рет отандық ғалымдардың халықаралық деңгейде жүргізіп жатқан зерттеулерінің жоғары басымдығын көрсетеді.

Еліміздің ғалымдары мемлекетімізге ғылымды көп қажетсінетін, экспортқа бағдарланған өнеркәсібі бар инновациялық экономика қалыптастыру бойынша жаңа істерді іске асыру аясында елдің дамуына және отандық ғылымның әлемдік алдыңғы қатарға шығуына өз үлестерін толығымен қосуда.

Авторлар ұжымымен әзірленіп, қорғалған бериллийді алу, қайта өңдеу

және дайын өнімді шығару технологиясы өнеркәсіптік деңгейде өндіріске енгізілді. Жаңа технологияларды енгізу негізінде авторлар бериллий тотығынан бірегей электрофизико-химиялық қасиеттерге ие, экспортқа бағдарланған өнімнің 150-ден астам жаңа түрлерін алуға қол жеткізді. Бұл өнім Ресей, Украина, Беларусь, Польша мен Израиль елдерінің әскери-өнеркәсіптік кешендерінің қорғаныс орындарына экспортталады.

Қазіргі кезде осы өңдеуді өз кәсіпорындарында енгізуге әлемнің жетекші елдері – АҚШ, Қытай, Израиль, Индия және т.б. асқан қызығушылық танытып, біліммен бөлісуді аялдап отыр.

Алынған жетістіктер ұжымның көпжылдық ынтымақтастығының нәтижесі әрі ғылым-білім-өндірістің нақты ықпалдастығының көрсеткіші болып табылады және отандық ғылымның жаңа даму белесіне шығуына мүмкіндік береді.

әл Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы магистранты Е.С. Әбділ., ф.м.ғ.к., Д.М.Зазулин., ф.м.ғ.к., доцент Ф.Б.Белисарова

## ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫҚ ЕМЕС, ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ!

«Ұстазым – ақылшы дос...» деп талай әндеттік. Бірақ, ес жиып, өмірдің өзі де ұлы ұстаз.

Бірақ, асықпай ойлана қарасақ, осынау «ұстаз» атты 5 әріпті сөздің астарында мыңдаған білім мен ғылым, махаббат пен сүйіспеншілік жатқанын байқай бермейміз. Ұстаз болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Мүмкін, қазір кез келген адам ұстаздықты тәмамдап, қолына қызылды-көкті дипломын алар. Бірақ, шәкірт тәрбиелеу, оны биікке жетелу, қанаттандыру, жаны мен тәнін, болмысы мен барын беру тек ұстаздың қолынан келетін қасиеттер.

Бүгінгі тақырып, бұл қоғамда болып жатқан соңғы өзгерістерге қатысты болып отыр. Бірақ қандай да болмасын өзгерістерде өзін биіктен көрсететін қара шаңырақ ҚазҰУ-ды мысал ретінде айттып өтпеске болмас. Себебі, жаңғыру жолындағы елімізге жас маманның алар орны ерекше. Осы тұста Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы білімге өте көп көңіл бөліп отыр. Сол үшін де біздегі жас маман болашақтың кепілі десек артық айтқанымыз болмас. Жаңғыру жолындағы жас маманның алар орны қандай? деген сұраққа жауапты төмендегіше берер едім. Ол маман қазіргі заманға сай ойлай алатын, өз мамандығының нағыз иесі, өз мамандығын сүйетін, жан-жағындағылардың барлығын құрметтейтін адам болуы шарт. Ол маман жастарға үлгі бола отырып, өмірде ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін көрсете алуы керек. Келешек жас ұрпақ осыған қарап, тәлім-тәрбие алып, болашақта ел тізгінін ұстай алатындай болып өсуі қажет. Сол үшін де жаңғыру жолындағы жас мамандардың рөлі өте жоғары. Ол үшін өзіңіз ұнатқан қызметке барып, қоғамға пайдаңызды тигізуге асығыңыз!

әл Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы магистранты А.Ж.Ермахан., ф.м.ғ.д., профессор М.А.Жусупов., ф.м.ғ.к., доцент Ф.Б.Белисарова

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАПТЫРМАС КӨМЕКШІСІ

Университет қабырғасы студентті жан-жақтылыққа тәрбиелеп, үлкен өмірге нық қадам жасауға бағыттайды. Қазіргі таңда біздің еліміз күн санап өсуде. Атап айтар болсақ, жаңа технологиялар, оқу платформалары ойластырылып, адам миына кіріп шықпайтын жаңа қондырғы құралдар пайда болуда. Одан бөлек, ЖОО студенттеріне арналған жаңа базалар да көптеп дамып жатыр. Соның ішінде білім алушыларымызға көп қажеттілік туғызатын Thomson Reuters базасы. Бұл базаны көбінесе 4-ші курс студенттері жиі қолданатыны жасырын емес. Себебі бітіруші жас мамандар оқу ордасымен қоштасып, дипломды қолға алуы қажет. Соңғы емтиханға дайындық – диплом жазу. Сол дипломды жазарда ол екі есе ізденісте болады, бірнеше ғылыми мақалаларды ақтарады, кітаптардан көз майын тауысады. Соның бәрін соңында біріктіріп, өзінің нақты бір мәселесін жазып шығады. Енді сол мақалалар, басылымдар, «жалпы негізгі кілт сөздерді басқа да тұлғалар қолданған ба, не болмаса сенің мақалаң өзгениңіне қатты ұқсас емес пе?» деген сауал тағы да қалып қоятыны бар. Міне, осы сәтте сіздің ең сенімді көмекшіңіз - Thomson Reuters базасы. Ол жерге өзіңіз қай жерді, болмаса қай сөздің әлемде неше мақала болып жарық көргеніңіз көргеніңіз келсе, сол базаға жазып, іздеп көрсеніз тауып берері сөзсіз. Thomson Reuters жайлы қысқаша түсініктеме, міне осылай. Осындай үлкен мүмкіндікті қолжетімді етіп қойған, әрине, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аяулы ұстаздары, профессорлары мен білікті студенттері екенін мақтанышпен айтамыз!

Абдуллаева Гульшат, Азат Мақпал,  
Теориялық және ядролық физика кафедра меңгерушісі,  
профессор Абишев М.Е.

## ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ - БАҚЫТ

Әлемді дүр сілкіндірген соңғы оқиғалар көпшілікке ауыр тигені рас. Бірі баласынан, бірі анасынан айырылса, Түркия елінде мыңдаған адам үйсіз-күйсіз қалып отыр. Зіл-заладан жапа шеккендерге әлемнің түкпір-түкпірінен көмек келуде. Оның ішінде біздің әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті де қалыс қалған жоқ. Осы сәтте өткен жылы «Жақсылық жасау – бақыт» атты кішігірім марафон болғаны есіме түсті.

Жалпы, жақсылық жасау үшін сіз міндетті түрде бай, ақшасы көп адам болуыңыз қажет емес. Бастысы, сіздің тілек-ниетіңізде. Қазіргі уақытта қамқорлық пен қолдауға мұқтаж болған, көңілдерін шер, қабақтарын мұң басқан, қайырымды адамдардан мейірімділік, алақандарынан жылулық сезімін күтетін жандарды күнделікті өмірде жиі кездестіреміз. Қамқорлыққа мұқтаж болып отырған қорлардың бірі осы "Аналар үйі" қоғамдық қоры. Аналарымыздың күліп жүргені, қуанғаны жақын жандарға, өзінің балалары мен ер азаматына қаншалықты күш қуат беретінін білесіздер ме?! Ана күлкісі-ол бір баға жетпес, сарқылмас энергия. Мұғалімді де, алыпты да, ақынды да дүниеге алып келген аналар. Осы арада айта кететін жайт "Аналар үйі" ер азаматтардың қара күш, төгілген тер мен еңбектеріне ауадай мұқтаж еді. Қазақстан бойынша 19 қалада 24 ана үйі

және әр үйдің қаржыландыратын бір меценаты бар. Алғашқы «Ана үйі» Астана қаласында ашылған. Пилоттық жоба ретінде қаралған қоғамдық қордың мақсаты – жетімдер үйіне балалардың көп түспеуіне атсалысу. Біз барған Алматы қаласындағы «Ана үйі» 2013 жылы мамыр айында ашылған болатын.

Қоғамдық қордың басты мақсаты – қиын жағдайға тап болған әйелдерге психологиялық кеңестен бастап, уақытша баспанамен қамтамасыз етуге дейінгі жан-жақты қолдау көрсету. Сондай-ақ, жалғыз басты аналарға кәсіптік білім беру бағыты да қарастырылған. Осындай зор мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланса әрбір ана «бизнеске жаралған әйел» атанары сөзсіз. Соз соңында тек бір нәрсені айтқымыз келеді. Небір қиын күндерді бастан кешіріп, жанарлары жасқа толса да, салы суға кетпеген жас аналардың жігерлерін жанып, өмірге деген құлшыныстарын арттырып, болашаққа деген үміт отын одан әрі жандырып отырған «Ана үйі» жобасы әрі қарай да жанданып, жасай бергей!

әл Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы магистранты Г.Қ.Жолай., ф.м.ғ.к., А.Мурзағалиева., ф.м.ғ.к., доцент Ф.Б.Белисарова

## АКАДЕМИК-ҒАЛЫМ ӘБДІМӘЛІК НЫСАНБАЕВ ӨМІРДЕН ӨТТІ

Ақпан айында белгілі ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық академияның академигі, Алматы қаласында орналасқан Түркі халықтары мәдени қорының құрылтайшысы Әбдімәлік Нысанбаев 87 жасында келместің кемесіне аттанды. Ол саналы өмірін ғылым мен ағартушылыққа арнап, 200-ден аса ғылым кандидаттарын, ғылым докторларын дайындады. Бүкіл әлемге ұлы дала философиясын мойындатып, еңбектері 50-ден астам мемлекеттерге тарады.

Әсіресе философ Нысанбаев 1999 жылы Түркі халықтары мәдени қорын құру жұмыстарына белсенді араласты.

Айта кету керек, ол ғылымдағы еңбегі үшін Қазақстанның (1984) және Түркияның (1999) Мемлекеттік сыйлықтарын, ҚР президентінің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын алған (1998), «Отан» (2004), «Парасат» ордендері (1998) мен бірнеше медальдармен марапатталған.

Тіпті 2005 жылы «Философ Нысанбаев» атты деректі фильм жарық көрді.

«Түркі әлемі» халықаралық газеті және Түркі халықтары мәдени қоры Әбдімәлік Нысанбаевтың артта қалған отбасына, туған-туысына қайғыра көңіл айтады. Абзал жанның жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады!

Қош бол, білім мен ғылымның шамшырағы!



Газет 2000 жылдың шілдесінен айына бір рет шығады  
**ИНДЕКСІ: 65862**

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, 29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды. Мақала авторларының пікірі үшін редакция жауап бермейді. Компьютермен терілген бес беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Таралымы – 15 000 дана

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:**

Индекс 050012, Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 145/26, Ғабдуллин көшесінің қилысы  
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: [thmv\\_almati@mail.ru](mailto:thmv_almati@mail.ru) [www.turkvakif.com](http://www.turkvakif.com)

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:  
Дариға ЖҮНИСОВА  
Ислам ЖЕМЕНЕЙ  
Ахмет ТОҚТАБАЙ  
Жарылқасын БОРАНБАЕВ  
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ  
Тамара СУРА  
Мақсұтхан ЖАҚЫП  
Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА  
Гаухар АСҚАРОВА  
Мұсат ИМАНҚҰЛ

Редактор:  
Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:  
Фарида ТУҒАНБАЙ

Корректор:  
Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

**ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:**

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ  
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479, 90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс телефондары: 0030697811133, e-mail: dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы, Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қочман университетінің доценті – Байланыс телефондары: Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@hotmail.com, www.kenankoc.com

Стамбұл (Түркия) қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс телефондары: 905336367050, e-mail: ahmettuzun2000@yahoo.com

Румыниядағы өкілі Гюльшен ИСМАИЛ, Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.

Меншік иесі:  
**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ  
МӘДЕНИ ҚОРЫ  
Президенті және  
«Түркі Әлемі» газетінің  
Бас редакторы –  
АХМЕТ ДАҒДҰРАН**  
Түркі халықтары Әйелдер комитетінің төрайымы –  
**Дариға ТҰРЛЫБЕК**

**PEGAS**  
TOURISTIK

НОВАЯ ВЫСОТА ВАШЕГО ОТДЫХА

Instagram: [pegas\\_asia](#)  
Website: [kz.pegast.asia](#)  
Phone: +7 700 022 2233  
Phone: +7 727 222 1818

**ROSETTA**  
SLEEPING SYSTEMS

**АДРЕСА:**  
г. Алматы, ул. Маметовой 72, уг. ул. Наурызбай батыра  
г. Алматы, кр. Кокмайса 26 Б/2 (Фабрика) 9  
г. Алматы, ул. Кабдолова 1/8, ТК Армада, 4 блок, Линия F, 12 ряд, 51 бутик.  
г. Алматы, ул. Кабдолова 1/8, ТК Армада, 3 блок, 10 ряд, линия D

**КОНТАКТЫ:**  
+7 701 951 37 03  
+7 701 951 37 05  
+7 701 351 76 39  
+7 727 333 44 10

Instagram: [ROSETTA.KZ](#)